

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 181 (9499)

1954 жылғы

Сентябрь 11 Сенбі

Шығуына 35 жыл
және саны 20 ғыбын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ЕГІН ЖЫЙНАУ МЕН АСТЫҚ ДАЙЫНДАУДЫ ҚЫЗУ ҚАРҚЫНМЕН ЖҮРГІЗЕЙІК: А. Сапарбеков. — Колхоз даласында. П. Сергеев. — Күннің ашық болуына үміт артып... (1-бет).

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: А. Силин. — Жаңа оқу жылына тыңшылықты әзірлейік (2-бет).

ССРО Сыртқы Істер министрлігінде (2-бет).

И. Митрофанов. — Мектеп комсомол ұйымдарының жұмысын жақсарту берейік (2-бет).

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ОЗАТТАРЫНЫҢ ТӘЖРИБЕСІ ӨНДІ-

РІСКЕ КЕҢІНЕН ҚОЛДАНЫЛСЫН: Б. Жақыпов. — Мал шаруашылығы өркендеген колхоз. Ж. Есенова. — Ауылшаруашылық көрмесі тәжірибемізді байыта түсті. М. Әкімжанов. — Мал қораларын әзірлеу тездетілсін (3-бет).

У. Алпысбаев. — Дәрігер-диссертант (3-бет).

СОБП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советіне (4-бет).

Біртөп шетел тілшілерінің Алматыда болуы жайында (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Жаңа совхоздарда құрылыс жұмыстары кең өріс алсын

Партия мен үкметіміз социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендете беру мәселесіне ерекше көңіл бөліп, орасан зор қамқорлық жасап келеді. Мұны еліміздің еңбекшілері күнбе-күн өз өмірінен көріп, білуде.

СОБП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумы елімізде көптен бері пайдаланылмай жатқан тың және тыңайған жерлерді игеру арқылы ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жолдарын белгілеп берді. Совет адамдары Пленумның қаулысын зор қуанышпен, қанағаттанғандық сезіммен қарсы алып, бүкілхалықтық іс—тың және тыңайған жерлерді игеру міндетін мінсіз жүзеге асыру жолында көзір аянбай еңбек етуде.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты елімізде көптеген жаңа совхоздар мен машина-трактор станциялары ұйымдастырылды. Біздің облыста тың және тыңайған жерлерде жаңадан 12 астық совхозы ұйымдасты. Бұл совхоздарға партиямыздың шақыруы бойынша туысқан республикалардан, қалалардан, оның ішінде астанамыз — Москвадан көптеген патриоттар келді. Олар көктемде мыңдаған гектар тың көтеріп, оған бітік егін өсірді. Көзір егінді ысырапсыз жыйнап алу күресін өрістеті түсуде.

Көзір жаңа совхоздарда қолға шұғыл алынып отырылған жұмыстардың бірі — құрылыс жұмыстары болып саналады. Демек, бйыл жаңа совхоздарда кем дегенде 217 бір пәтерлі және көп пәтерлі тұрғын үйлер салынуы керек. Мемлекетіміз бұл жұмысқа қаржыны аяп отырған жоқ. Тек біздің облыстағы жаңа совхоздардың құрылысына деп үстіміздегі жылы 20 миллион сом қаржы босатып отыр. Бұл қаржыны орыңды пайдаланып, совхоздардағы жұмысшыларды, қызметкерлерді, барлық тұрғын адамдарды жақсы пәтер үйлермен қамтамасыз ету — совхоз басшыларының ең басты, құрметті, абройлы міндеті.

Алайда, істің барысына қарағанда облыстағы жаңа совхоздың құрылыс жұмыстарында елеулі кемшіліктердің барлығы байқалады. 12 совхозда бйыл салынуға тиісті 217 құрастырмалы үйден 151 үй ғана құрастырылды. 38 үйдің құрылысы жүргізіліп жатыр. Ал, 28 үйдің құрылысы қолға да алынған жоқ. Құрылыс жұмыстарының мұншама бәсең жүргізілуінің себебі — біріншіден, совхоздардағы құрылыс бригадаларында еңбектің әлі де болса дұрыс ұйымдастырылмауы, құрылысшылар арасында социали-


стың да зор көмегі болуға тиіс. Олар құрылысшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын кеңінен өрістетуге, еңбекті дұрыс ұйымдастыруға, социалистік жарысты ұйымдастырып қана қоймай, сонымен қатар жарыста қабылдаған міндеттемелердің толық орындалуына жетісуге міндетті. Ама! қанша, совхоз партия ұйымдарының секретарьлары, жұмысшылар комитеттерінің председателдері және аудандық партия комитетінің совхоздар жөніндегі секретары бұл жауапты міндеттерді қанағаттанарлық дәрежеде орындай алмай келеді. Аудандық партия комитетінің совхоздар жөніндегі секретары Мальцев жолдас жаңа совхоздарда жиі болып тұрады. Бірақ ол құрылыс жұмысында орын алып отырған кемшіліктердің себебін жете тексермейді, кемшіліктердің сырын ашып, оны жоюдың шараларын қарастырмайды. Құрылысшылар арасындағы ұйымдастыру жұмысының жайына, социалистік жарыстың орындалу барысына жете назар аудармайды.

Жаңа совхоздардағы құрылыс жұмыстарын тездетуде темір жол транспорты да елеулі роль атқарады. Дегенмен, кейбір темір жол станцияларының қызметкерлері бұл жөнінде өздерінің жауапкершіліктерін ұмытып, жаңа совхоздарға жіберілген құрылыс материалдарын кезінде түсірмейді және оны сақтау жұмысын нашар ұйымдастырады. Құрылыс материалдарын вагоннан түсіргенде түсіруші кейбір жұмысшылардың жауапсыздыққа салынып, сындырып бүлдіруіне жол береді. Мұндай фактілер Мамлют және Булаев темір жол станцияларында бар.

Темір жол қызметкерлері ауыл шаруашылығына қажетті машиналарды, басқа да материалдарды тез тасып жеткізіп берумен бірге, жаңа совхоздарға жіберілген құрылыс материалдарын да уақытында жеткізуге және оның бүлінбей, дұрыс сақталуына айырықша көңіл бөлулері қажет. Бұл олардың жаңа совхоздардағы еңбекшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету міндетіне қосқан зор үлестері болып саналады.

Жаңа совхоздарда құрылыс жұмыстарын тездету, совхоздағы еңбекшілерді жақсы пәтер үйлермен жабықтау міндетті аудандық партия комитеттері мен Совет атқомдерінен де совхоздарға үнемі қамқорлық жасап, қажетті құрылыс материалдарын кезінде жеткізіп отыру ісіне нақтылы басшылық етуді, құрылысшы-

Егін жыйнау мен астық дайындауды қызу қарқынмен жүргізейік!



Преснов ауданындағы Молотов атындағы колхоз мемлекетке көзірдің өзінде 3500 центнер астық тапсырды. СУРЕТТЕ: Молотов атындағы колхоздың орталығындағы қырманда астық тазарту. Суретті түсірген А. Розенштейн.

КОЛХОЗ ДАЛАСЫНДА

Октябрь ауданындағы «Победа» колхозының мүшелері осы колхозда жұмыс істейтін Коновалов МТС-нің механизаторларымен бірлесе отырып, үстіміздегі жылдың көктемінде 1763 гектар тың және тыңайған жерлерді игерген болатын. Мұның 1513 гектарына дөңді дақылдар, 240 гектарына тары және бақша дақылдары себілген. Сөйтіп, колхоз жалпы егін көлемін 6053 гектарға жеткізген.

Колхозшылар мен механизаторлардың жерді жырту, өңдеу, оған тұқым себу жұмыстарын қысқа мерзімде және агро-техникалық жоғары сапада өткізуінің, егінді жазда күтіп- баптауды ойдағыдай жүргізуінің нәтижесінде егін бітік өсірілді. Бұл күндері колхоз егіншілері бітік өсірілген егінді қысқа мерзімде және ысырапсыз жыйнау үшін жанамай еңбек-

райының жауын- шашынды болуына қарамастан колхоз көзірдің өзінде 3270 гектар жердің егінін жыйнады. Колхоз мүшелері мен механизаторлар егін жыйнауды қысқа мерзімде ысырапсыз аяқтау үшін ашық күннің әрбір сағат, минутын босқа өткізбейді. Астықты ысырапсыз тез жыйнап алудың басты шарты — егін жыйнауағы техника күшінің өнімді пайдалану. Осыны жақсы түсініген комбайншы Шыхтин, Кексель жолдастар еңбек өнімділігін күн санап арттыра түсуде. Олар «Сталинец-6» комбайнымен күніне 25-30 гектар жердің егінін жыйнап, 500-600 центнерден астам астық бастырып жүр.

Машина- трактор станциясы әрбір комбайн бункерден астықты агрегат жүріп келе жатқанда түсіруге керекті тетіктер-

не жеткізіліп тұрады. Колхоз көзірдің өзінде де мемлекетке міндетті түрде астық тапсырудың белгіленген жоспарын толық орындады. Сонымен бірге, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу есебіне астық тапсыруды қызу жүргізіп келеді.

Колхозда тек дөңді дақылдар егісінен ғана бйыл көлемде 100 мың центнер өнім алынады. Осыған байланысты колхозшылар жаңа егіннің өнімінен мемлекеттік сатып алу орындарына 120 мың пұт астық сатуды ұйғарып отыр. Колхозшылардың әрбір еңбеккүніне 6 килограмнан астық бөлінетін болады.

Өткен жылы колхоздың шаруашылық салаларынан алған жалпы табысы ақшаға шаққанда 813 мың сом болған. Бұл табыс үстіміздегі жылы тың және тыңайған жерлерді игеру және мал

КҮННІҢ АШЫҚ БОЛУЫНА ҮМІТ АРТЫП...

Таң біліне бастады, жаңбыр әлі жауып тұр. Біз Куйбышев атындағы колхоздың қырманна келдік. Қырманда астық тау- тау болып үйіліп жатыр. Әрбір астық үйінділеріне су өтіп кеткен. Кейбір үйінділер көлкіген судың ортасында тұр. Қырман басында қыбыр еткен жан жоқ. Біз қырманның бір шетінде шағын ғана жүзде сыйғылыса отырған үш адамға кездестік. Олар егіс бригадасының бригадирі Телишко, қырман бастығы Ямхонов және трактор бригадасының бригадирі К. Телишко жолдастар екен.

— Жауын басылар емес, астықтың бүлінуге айналғаны мынау. Ал, колхозшылардың жауын басытмай жұмысқа шыққысы келмейді, — дейді егіс бригадасының бригадирі Телишко.

— Жауынды күндері механизаторлар не істейді, — деп сұрадық біз.

— Не істеуші еді, олар да үйде отырады, — деп жауап берді трактор бригадасының бригадирі.

Шынында, істің жайы бұлай емес. Колхозшылар да, механизаторлар да ауа райының қолайсыздығына қарамастан, уақытпен санаспай еңбек етіп, бітік өсірілген егінді тез және ысырапсыз жыйнауға ынталы. Алайда, колхоз басшылары сол ынталылықты іске дұрыс пайдалана алмай отыр. Колхозда «ВИСХОМ» астық кештіргіші бар. Бірақ ол астық кештіруге пайдаланылмастан қоймада жатыр. Қырмандағы механикаландырылған астық тазартқыштардың машинисі болып колхоз председателі И. Волков жолдастың баласы Б. Волков істейді. Бірақ, ол жауынды күндері жұмысқа шыққан емес. Жақында жауынға қарамастан барлық колхозшылар қырмандағы астықты тазартуға шықты. Алайда, олар машинист Б. Волковтың двигательді жұмысқа қоспауы себепті мардымды ешнәрсе істей алған жоқ. Ал, колхоз председателі өз баласының бұл қылығын көре- біле тұра жұмған аузын ашпады.

Колхозда жақсы жабықталған бірде-бір жабық қырманның болмауы да колхоз председателі И. Волков жолдасты абыр-жытатын көрінбейді. Ол жабық қырман-дарды неге әзірлетпедіңіз деген сұраққа, шіршікпестен: «егін жыйнау кезінде жауын, шашынды жауын» деп жауап берді.

тік жарыстың көп өрістетілуімен, құрылысшылардың қажетті құрылыс материалдарымен жетіспеуіне егілмеуі болса, екіншіден, бұл жұмысқа совхоз басшыларының, Петропавл «Совхозстрой» тресінің (бастығы Олифер, бас инженері Измаилов жолдастар), совхоздар тресінің (директоры Зенченко жолдастар) іске басшылығы нашар болып отырғандығы.

Құрылыс жұмыстарында осындай елеулі кемшіліктердің орын алуынан Москворецк совхозында бір пәтерлі 5 үйдің 8 пәтерлі 2 үйдің, Дзержинский атындағы совхозда бір пәтерлі 3 үйдің, 4 пәтерлі 2 үйдің, 8 пәтерлі бір үйдің құрылысы әлі қолға алынған жоқ. Осындай жағдай Докучаев, Хрушев атындағы, Украин совхоздарында да бар. Бұл совхоздарда құрылыс жұмыстарын тездетуге мүмкіншілік жоқ деп айта алмаймыз. Жұмыс аламы жеткілікті, құрылысқа қажетті материалдар да аз емес. Солай бола тұрса да, құрылыс жұмыстарының барысы өте-өте баяу. Мұның себебін тек совхоздар басшыларының іске мақтылы басшылық ете алмауынан, құрылысшыларды қажырлы еңбекке жұмылдыра білмеуінен деуіміз керек.

Октябрь ауданында быыл жаңадан 6 совхоз ұйымдастырылды. Міне, сол совхоздардың бірде-бірінде үстіміздегі жылға жоспарланған құрылыс әлі күнге толық аяқталған жоқ. Совхоздағы құрылыс жұмыстарын тездетуге совхоз директорларымен бірге совхоз партия ұйымдары секретарларының, жұмысшылар комитеттері председателдерінің, аудандық партия комитетінің совхоздар жөніндегі секретарларының қолдауы қажет.

Құрылыс жұмыстарында осындай елеулі кемшіліктердің орын алуынан Москворецк совхозында бір пәтерлі 5 үйдің 8 пәтерлі 2 үйдің, Дзержинский атындағы совхозда бір пәтерлі 3 үйдің, 4 пәтерлі 2 үйдің, 8 пәтерлі бір үйдің құрылысы әлі қолға алынған жоқ. Осындай жағдай Докучаев, Хрушев атындағы, Украин совхоздарында да бар. Бұл совхоздарда құрылыс жұмыстарын тездетуге мүмкіншілік жоқ деп айта алмаймыз. Жұмыс аламы жеткілікті, құрылысқа қажетті материалдар да аз емес. Солай бола тұрса да, құрылыс жұмыстарының барысы өте-өте баяу. Мұның себебін тек совхоздар басшыларының іске мақтылы басшылық ете алмауынан, құрылысшыларды қажырлы еңбекке жұмылдыра білмеуінен деуіміз керек.

Совхоздардағы құрылыс жұмыстарын қарқынды жүргізу, оған күнбе-күн іскерлікпен басшылық ету, құрылыстың әрі тез, әрі сапалы жүргізілуіне барлық жағдайды жасау — совхоздар тресі басшыларының айбынды міндеті. Олар бүкіл халықтың іс — тың және тыңайған жерлерді игеруге келген патриоттардың тұрмыстық қажетін өтеу өздерінің басты міндеттерінің бірі екендігін ұмытпауға тиіс. Тың және тыңайған жерлерде жұмыс істеп жатқан еңбекшілерді тұрғын үйлермен жабдықтау, олардың материалдық басқа да қажеттерін тыңғылықты өтеу еңбекшілердің еңбекке деген ынта-жігерін арттыра береді, тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен елімізде астық молшылығын жасау күресіне өз үлестерін қосу жолындағы белсенділіктерін күшейте түседі. Міне, сондықтан да еңбекшілердің мүддесіне ерекше назар аударып, оларға әрқашан қамқорлық жасап отыру маңызды зор міндет.

Жаңа совхоздардағы құрылыс бригадалары арасында социалистік жарыстың кеңінен өрістете берейік! Сөйтіп, совхоздардағы барлық жұмысшыларды, қызметкерлерді, олардың семья мүшелерін жақсы тұрғын үйлермен қамтамасыз етейік!

ЖАҢА ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Қырғызстанда жаңа ғылым академиясының құрылуына байланысты ЦСРО ғылым академиясы президиумының бас ғылыми секретары академик А. В. Толчинов СОТА-ның тілшісіне мынадай хабарлады: —Енді біздің елімізде Қырғыз ССР ғылым академиясын қоса есептегенде республикалық 13 академия болады. Жаңа ғылым академиясының құрылуы көп ұлтты советтік социалистік мәдениеттің өркендеуіне екендігінің айқын дәлелі болып табылады.

Украина ғылым академиясы 1919 жылы, Белоруссия ғылым академиясы 1929 жылы құрылған болатын. Ғылым академиялары Литвада, Эстонияда, Латвияда ұйымдастырылды.

Закавказьедегі — Грузиядағы, Армениядағы және Азербайжандағы ғылым академиялары мен Орта Азияның — Өзбекстандағы, Тәжікстандағы және Түркменстандағы, сондай-ақ Қазақстандағы ғылым академиялары ССРО ғылым академиясы филиалдарына өсті.

Одақтас республикалардың ғылым академиялары жергілікті орындарда ғылыми өмірдің шын мәніндегі орталықтарына айналды. Олар кезірі өз республикасының халық шаруашылығы мен мәдениетін өркендетудің ғылыми негіздерін ойдағыдай шешіп қана отырған жоқ, сонымен қатар бүкіл совет ғылымын байытуда.

Кезірі Қырғыз ССР-інде 34 ғылыми зерттеу мекемесі бар. Бұл республиканың ғалымдары соңғы жылдардың ішінде халық шаруашылығын және білімнің жеке тарауларын дамытуға елеулі үлес қосты. ССРО ғылым академиясының 1943 жылы құрылған Қырғыз филиалының коллективі көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізді, бұл зерттеулер республиканың өндірістік күштерін өркендетуге көмектеседі. Қырғыз ғалымдары еңбектерінің едәуір бөлегі ауыл шаруашылығын өркендетуге арналған.

Москваың, Ленинградтың, Орта Азия республикаларының ғалымдары Қырғызстандағы ғылымның өркендеуіне творчестволық ынтымақтастық жасап жетті. Қырғыз филиалының ғылыми мекемелерінің жоспарларын астананың ғалымдары талқылап отырды.

Қырғыз республикасының ғылыми кадрларын тәрбиелеп өсіруде зор көңіл бөлінді. Филиал он жылдың ішінде 80 ғылым кандидатын даярлап шығарды, бұлардың көпшілігі жергілікті ұлттың өкілдері.

Кезіргі уақытта Фрунзеді ғылым академиясын ұйымдастыру жөніндегі әзірлік жұмыстарына республика ғалымдарымен қатар ССРО ғылым академиясының академик К. И. Скрябин бастаған өкілдері де қатысауда.

(СОТА),

жерге егілген дөңді дақылдардың әрбір гектарынан орта есеппен 16 центнерден, тіпті, жеке келген егін учаскторінен 30 центнерден өнім жыйнауда. Н. Сенін жолдас басқаратын № 1 егіс бригадасының мүшелері 97 гектар жаздық бидай егісінің әрбір гектардан 32 центнер өнім жыйнады.

Колхозда МТС-тің 10 «Сталинец-6», 2 өздігінен жүретін комбайндары жұмыс істейді. Бұл агрегаттардың барлығын да тәжірибелі комбайншылар басқарады. Колхоз басқармасы комбайн бункерінен астық қабылдауға жақсы жабдықтаған 36 жөнікті арба бөлді. Астық жыйнау басталғалы бір айға жуық уақыт өтті. Ауа

да сабап үйгіш және дән тұтқыштар бар. Комбайндардың түнгі уақыттарда да егін жыйнауын қамтамасыз ету үшін агрегаттар түгелдей электрмен қамтылған. Көптеген комбайндарға астықты комбайн бункерінен тікелей дайындау пунктіне тасуға жағдай жасайтын үшінші астық тазартқыштар орнатылған.

Комбайннан астық қабылдауға көлік арбаларынан басқа жүкті өзі түсіретін 12 автомашина бөлінген. Мұның өзі комбайндардың қуатын өнімді пайдалануға, астық ысырабына жол бермеуге жағдай тұрғызып отыр.

Тазартылған астық күнбе-күн 50 жүк автомашиналарымен дайындау пункттері-

нен екі миллион сомға жеткізіледі. Колхозшылар 1955 жылдың егістері үшін тың жерлерде 6454 гектар пар жыртты. Егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарымен бірге, тың жерлерден 552 гектар зяба жыртты. Бұл тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі белгіленген жылдық жоспар 1500 гектар артығымен орындалды деген сөз.

1955 жылы колхоздың егіс жерінің көлемі 13500 гектарға жеткізіледі. Мұның көпшілігіне аса бағалы азық-түліктік дақыл — бидай егілетін болады.

А. САПАРБЕКОВ,

Октябрь ауданы, «Победа» колхозы.

ков күннің ашық болуына үміт артып, егін жыйнауға, бастырылған астықты ысырапсыз сақтауға әзірлікті бетімен жіберуі кезірі жағдайды өте қиындатып жіберіп отыр. Ашық қырманда тазартылмай жатқан мыңдаған пұт астық жауынға тиіп бүлініп жатыр.

Колхоз басшыларының егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарын ұйымдастыру ісіне жауапсыз қарауының салдарынан аудан колхоздары мемлекетке астық тапсыру жөнінде төзгісіз артта қалып келеді. Бұл жағдайға Мамлют аудандық партия комитеті мен Совет атқөмі қашанға дейін төзе бермек?

П. СЕРГЕЕВ,



Қазақстанның совхоз фермаларында

Қазақ ССР Совхоздар министрлігі Павлодар облысындағы Песчан совхозының кестромалық жаңашылдардың әдісімен фермаларда екі мезгілді жұмыс күні тәртібін қолдану тәжірибесін жыйнақтады. 9 айлық тәжірибе еңбектің амағұрлым жетілдірілген системасы тәртіпті нығайтып, малшылардың жауапкершілігін арттырғанын, олардың оқуына, бірқалыпты демалуына жағдайлар жасайтынын көрсетті. Еңбек өнімділігі арта түсті. Сыйырларды неғұрлым толық азықтандырды, төрт мезгіл саууды бұлжытпай жүзеге асырып отыру малдың күндіз, түнде едәуір тынығуына сауылатын сүттің арттырылуына әсерін тигізді. Мұнда жылдың басынан бері әрбір сыйырдан 2.300 килограмнан сүт сауылды, яғни 1953 жылғы осындай мерзімдегіден 400 килограмм көп.


Екі мезгілді жұмыс күні тәртібі Павлодар облысының Павлодар совхозының, Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют совхозының, Талдықорған облысының Ленин атындағы совхозының фермаларында да енгізілді. Республиканың совхоздар министрлігі Қазақстанның барлық совхоздарына фермаларда жұмыс күнінің жаңа прогрессілі тәртібін қолдануды ұсынды.

(ҚазТАГ).

ОТАРДАҒЫ МАЛШЫЛАР ҮШІН

ЖАМБЫЛ (ҚазТАГ). Қарабегет алқабында жаңа жеті жылдық мектептің үйі салынып бітті. Мұнда Шу ауданындағы колхоздардың отардағы малшыларының 120 баласы оқитын болады.

Кезірі облыстың алыстағы қыстақтарында 17 мектеп бар. Селолық және ауылдық 33 орта мектептің жанында интернаттар ұйымдастырылған. Мұнда қоғамдық малды Мойынкумда және басқа отардағы учаскторде бағатын шопандардың, бақташылар мен жылқышылардың 1.300-ден астам балалары толығымен мемлекеттің қамқорлығында оқиды.



СУРЕТТЕ: Кемпірсай руда басқармасының Бадамшы (Ақтөбе облысы) жұмысшы поселкесіндегі кеншілер клубы.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Механизаторлардың астық комбайндарының конструкциясына енгізген түзетулері

ОСАКАРОВА (Қарағанды облысы). (ҚазТАГ). Литвинов МТС-інің аймағындағы колхоздарда егін жыйнау қыза түсуде. Ағайынды Роман және Федор Нижегородский қос комбайнмен егін жыйнауға. Романың ұлдары комбайншының көмекшілері болып істейді. Түнде жұмыс істеу үшін электр жарығымен жабдықталған Нижегородскийлердің агрегаты тәулігіне 100 гектарға дейін егін жыйнап, көп астық бастырады.

Машиналарды жоғары өнімді пайдалану — комбайндардың конструкциясына енгізілген бірқатар түзетулердің нәтижесі. Нижегородскийлер сабап транспортерінің жұмыс істейтін мерзімін үш-төрт есе ұзар

татып тетік жасады, бұл механизмнің жарамсыздығынан егін жыйнауға машиналардың босқа тұрып қалуын жойды. Астықтың ысырабына жол бермеу үшін прохоттың алдыңғы жағынан керзіден қалқан жасалды.

Комбайншылар Иван Юдин және оның зайыбы Евдокия да өздерін жаңашылдар ретінде танытты. Олар күн сайын нормадағы 18 гектар орнына 50 гектарға дейін бидай жыйнап жүр. Комбайнның босқа тұруына жол бермеу үшін Юдиндер галла шыңғырына жаңа өдіс енгізді.

Литвинов МТС-нің механизаторлары комбайндардың конструкцияларына 20-дан аса жетілдіретін ұсыныстар енгізді.

Көрмеге арналған жаңа экспонаттар

СЕМЕЙ (ҚазТАГ). Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесіне қатысушы облыстың колхоздары быйығы жылы игерілген тың және тыңайған жерлерде өсірілген дақылдардың жаңа экспонаттарын Москваға жіберуде. Бородулиха ауданының «Заветы Ильича» ауылшаруашылық артелі көрмеге «персикум-64» арнасының бауларын жіберді; бұл арпа 125 гектар жердің әр гектарынан 35 центнерден өнім берді.

Ново-Покров ауданында Киров атындағы колхоз жақсы табыстарға ие болды. Мұнда масақты дақылдардың өнімі әр гектарынан 25-26 центнерден бодды. Колхоз Москваға көрмеге осында сұрленетін жемшөп ретінде тұңғыш рет өсірілген «смена», «мелянопус-69» бидайларының жүгерінің экспонаттарын жіберді.

Бородулиха ауданының Ворошилов атындағы, Ново-Покров ауданының «Каззахстанская правда» газеті атындағы, Ленин атындағы, Молотов атындағы колхоздары өздерінің қорларын жаңа экспонаттармен толықтырды.

АСТЫҚ ТАПСЫРУ ЖОСПАРЫ БЕС ЕСЕ АСЫРА ОРЫНДАЛДЫ

ШЫМКЕНТ (ҚазТАГ). Шымкент тресінің совхоздары астық тапсырудың мемлекеттік жоспарын толық орындады. «Заготзерно» пункттеріне астық өткен жылыдан бір жарым есе көп өткізілді. Оңтүстік Қазақстандағы ең ірі «Дарбаза» астық совхозы мемлекетке тапсырмаға қосымша 40 мың пұт қатты бидай тапсырды.

«Қазақсовхозжармауль» тресінің шаруашылықтарының егіншілері ойдағыдай табыстарға жетті. Олар Партия мен үкметтің ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету жөніндегі программасын жүзеге асыра отырып, олар мемлекетке астықты жоспардағыдан бес есе көп тапсырды. Тимирязев атындағы совхоз жоспардан тыс 140 мың пұт астық тапсырды.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Колхозшыларды саяси тәрбиелеу

МТС аймағы бойынша мен жұмыс істейтін үш колхоздың бірі—Карл Либкнехт атындағы колхозда партия ұйымы жоқ. Сондықтан бұл колхозда бұқаралық-саяси жұмыстың жайына ерекше назар аудару қажет болды.

Өйткені, партия ұйымының болмауы себепті колхозда шаруашылық жұмыстардың орындалуында және колхозшыларды саяси тәрбиелеуде елеулі олқылықтар байқалды. Өткен жылы МТС аймағы бойынша жұмысқа кіріскенімде бұл колхозда еңбек тәртібі нашар болды. Колхозшылар арасында діни қалдықтардың жандана бастағаны байқалды. Колхозшылардың өндірістік белсенділіктерін арттыру, оларды коммунистік рухта тәрбиелеу ісін күшейту үшін бұқаралық-саяси жұмысты жаңа міндеттердің дәрежесіне сай ұйымдастыру қажет болды.

Осы мақсатпен аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары Қаримбаев жолдаспен келісе отырып, ең алдымен колхоз басқармасы мүшелерінің тапсырылған жұмысқа жауапкершілігін арттыруды, үгіт коллективін ұйымдастырып, оның жұмысын жандандыруды, өндіріс озаттарының инициативаларын барынша қолдауды ұйғардық.

Колхоз басқармасының мәжілістеріне озат егіншілер мен мал өсірушілер шақырылып, онда шаруашылық жұмыстың түрлі салаларымен бірге, колхозшылар арасындағы тәрбие жұмысының жайы жөнінде де мәселелер талқылау практикасы жүзеге асырылды.

Құрамында мектеп оқытушылары, колхоз активтері бар он адамнан үгіт коллективі ұйымдасты. Оны мектеп директоры Воронцов жолдас басқаратын болды.

Үгітшілердің кеңестерінде шаруашылық жұмыстардың барысы туралы колхоз председателінің баяндамасы, агротехникалық шаралар туралы және бұқаралық-саяси жұмыстың түрлері мен әдістері жөнінде баяндамалар ұйымдастырылып келеді.

Сонымен қатар, колхозшылар үшін саяси баяндамалар және ғылыми-атеистік тақырыптарда лекциялар оқылады. Мәселен, мен август айында мал фермалары мен егіс бригадаларындағы колхозшылар үшін «Дін — қанаушы таптың құралы» деген тақырыпта лекция оқыдым, ал, Воронцов жолдас Германия Демократиялық Республикасы туралы баяндама жасады.

Үгітшілер өздерінің әңгімелерін колхозшы шаруалардың алдында тұрған міндеттермен байланыстырады. Мәселен, үгітші Сагель жолдас мал фермасында өткізген соңғы бір әңгімесінде озат мал өсірушілер жылқышы Давид, сауыншы Павлина жолдасдардың өздерінің жұмыстары жөнінде тәжірибе ауыстыруын ұйымдастырды. Сонымен қабат, ол мал азығын дайындауда колхоздың артта қалып отырғанын айтты. Үгітші мал өсірушілерді пішеншілер бригадасына көмек көрсетуге шақырды. Үгітшінің әңгімесінен кейін мал өсірушілердің барлығы бұ-

Жаңа оқу жылына тыңғылдықпен әзірленейік

Жаңа оқу жылында коммунистердің оқуы насихат жұмысының сапасын оңай әрі жақсарту, партия оқуын ұйымдастыруда орыс алып келген бұрмалаушылықтарды жою жағдайында өткелі отыр. Қала партия ұйымдарының көпшілігі жаңа оқу жылына жан-жақты әзірлену жөнінде бірқатар жұмыстар істеді.

Шағын двигателдер зауытының партия ұйымы (секретары Глуценков жолдас) партия оқуында еріктілік принципі бұрмалау сияқты өткен оқу жылының кемшіліктерін қайталамау мақсатында коммунистермен әңгімелесіп, олардың тілектері мен ықластарын анықтады. Егерде өткен жылы партия ұйымында марксизм-ленинизм теориясын өздігінен үйренуші коммунистер жоқтың қасы болса, быйыл олардың көпшілігі өз өздігінен оқуға тілек білдірді. Өткен жылы завод партия ұйымында 5 үйірме бөлд. Быйылғы оқу жылына өздігінен СОКН тарихын оқытатын коммунистерге бір үйірме ұйымдастырылады. Бұл үйірмеге теориялық даярлығы бар, тәжірибесі мол коммунист Архирейский жолдас насихатшылыққа тағайындалды.

Сол сыяқты, Коммунистік партияның теориясын және тарихын өздігінен оқушыларға көмек көрсету үшін партия ұйымы лектор тобын ұйымдастырды және екі консультант белгіледі.

Қалалық денсаулық сақтау бөлімінің партия бюросы да (секретары Щеголева жолдас) жаңа оқу жылына әзірлікті жақсы жүргізуде. Ұйымдағы коммунистердің көбінің марксизмік теориясын өздігінен үйрену үшін жеткілікті білімі бар. Бұл жөнінде Чекина, Котельянская, Шкарупа жолдасдарды айтуға болады. Сондықтан партия бюросы коммунистердің білімдері мен тілегін еске алып, олар үшін Коммунистік партияның теориясын мен тарихын жөнінде лекциялар оқуды ұйымдастырмақ. Ал, жөселген коммунистер қалалық партия комитетінің кітапханасы жанындағы лекторийға қатысу жөнінде тілек білдірді.

Быйыл қала партия ұйымдары коммунистердің жалпы білім алуына көп көңіл бөліп отыр. Мысалы аяқ-кіім фабрикасының партия ұйымы бұл мәселе жөнінде біраз жұмыс істеді. Партия ұйымынан 5 коммунист жас жұмысшылардың көпші мектебінде оқымақ. Сол сыяқты, шағын двигателдер зауытының партия ұйымынан 12 коммунист көпші мектептерде оқытылып болып отыр.

Өткен жылы марксизм-ленинизм көпші университетінің 100 коммунистер мен партияда жоқ жолдасар бітірген еді. Коммунистер Галицкий, Никулин, Ямпольский жолдасар университетте өте жақсы оқыды. Быйыл марксизм-ленинизм көпші университетінде сабақ 1 октябрьде басталады. Көздің өзінде бірінші курсқа түсуге тілек білдірген адамдардан ондаған арыз түсті. Дегенмен

ған консультанттар тобы жұмыс істейтін болады. Өздігінен үйренушілерге лекция оқу және консультация жасау жөніндегі көмек, тең кітапханада ғана емес, сол сыяқты жергілікті жерлердің өзінде де, қоспорындары мен мекемелерде де ұйымдастырылады.


Быйыл үйірмелер мен саяси мектептер едәуір қысқарады. Сондықтан насихат жұмысына теориялық даярлығы жеткілікті коммунистерді тағайындауға толық мүмкіндік бар.

Қалалық партия комитеті насихатшы кадрлармен жұмысты жақсарту жөнінде бірқатар шаралар белгіледі. Жаңа оқу жылына насихатшылардың семинарларын өткізу тәртібі біраз өзгереді. Насихатшылар өткізетін лекциялардың барлығы оларға берілмейді. Онда лекциялар үйірмелер мен саяси мектептерде өтетін барлық сабақтар бойынша емес, ең қиыны тақырыптарда және насихатшылардың тілегі бойынша оқылады. Мұнда методика, тәжірибе ауысу мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Насихатшылардың семинарларында лекция оқуға ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп мамандары және партия, совет қызметкерлері тартылады. Бірінші семинар сентябрь айының аяғында өткізіледі.

Дегенмен, жаңа оқу жылына әзірлікте әлі де болса кемшіліктер жоқ емес. Қаланың бірқатар партия ұйымдары бұл мәселеге мән бермей отыр. Мысалға, темір жол торабының партия ұйымы (секретары Чекунов жолдас) алуға болады. Мұнда коммунистердің оқуына формальді түрде қараған. Коммунистердің жалпы және саяси білімдерімен, тілектерімен есептеспей, партия ұйымы үйірмелер құрған. Мұнда білімі аз коммунистер үшін партияның революцияға дейінгі тарихын және ағымдағы саясатты үйрену деген үйірмелерді ойдан шығарған. Қалалық партия комитеті мұндай теріс практиканы кезінде айыптап, коммунистердің оқуын дұрыс ұйымдастыру жөнінде шаралар белгіледі.

Мұндай кемшіліктер қаладағы еңбек резервтері басқармасының партия ұйымында да болды. Партия ұйымының секретары Веретенников жолдас барлық коммунистерді, соның ішінде республикалық екі жылдық партия мектебін бітірген Атаркова, бұрын аудандық және қалалық партия комитетінің секретары болып істеген Перцев, Орлов жолдасарды бір үйірмеге жаза салған.

Кейбір партия ұйымдарының секретарлары еріктілік принципінен теріс түсініп, партия оқуынан коммунистерді жашай босатуға айналған. Мәселен, ет-консерві комбинатының партия ұйымында (секретары Филимонов жолдас) 60 коммунист оқудан босатылған. Бұлардың ішінде саяси әдебиетті өздігінен үйренуге мүмкіндігі бар Зайнутдинова сыяқты коммунистер бар.



Қаладағы Микоян атындағы ет комбинатының слесары Петр Павлович Калабухов смена сайын нормасын бірнәрсен еседен орындайды.

СУРЕТТЕ: слесарь П. Калабухов жолдас жұмыс үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Кәсіптік аттестация өндіріске баруда

Қаланың орта мектептерін бітірген ондаған жастар облысымыздың колхоз, совхоздарына және МТС-теріне, кәсіпорындарына жұмысқа баруда. Жақында орта мектепті бітірген Дуся Лобода, Кашиталина Валова және Сәуия Сәулетшина шағын двигателдер зауытына жұмыс істеуге арыз берді. Олар көзін техникалық бақылау мастерінің шәкірті болып істейді. Сол сыяқты, Леонид Рыхликов, Алевтин Кусакин да тоқарлық мамандығын таңдап алды. Оларды заводтың алдыңғы қатарлы мастерлері үйретуде. Кәсіпорындарына жұмысқа кірген жастардың көпшілігі техникалық жоғары оқу орынында сырттан оқын жүр.

А. АНАТОЛЬЕВ.

Колхозшылар көмегі

Преснов ауданындағы Боевик селосының колхозшылары өз колхозындағы мектепке үнемі қамқорлық жасап, көмектесіп отырады. Олар быйылғы жылы да бастауыш мектепті (меңгерушісі Е. Лукьяченко жолдас) жаңа оқу жылына әзірлеуде көп көмек көрсетті. Колхозшылар мектеп үшін жөндеп, ағартып берді. Мектептің пеші жаңалан салынған. Сол сыяқты, 8 парт, екі стол, орындықтар түгел жөндеді.

Боевик бастауыш мектебі жаңа оқу жылына сақатай сай әзірлікпен кірісті.

А. ҚАЗИЕВ.

ССРО Сыртқы Істер Министрлігінде

Баспасөз бетінде бұдан бұрын хабар етілгеніндей, 5 сентябрьде Совет үкметі Америка Құрама Штаттар Үкметіне нота жолдады; бұл нотада америка соғыс самолетінің 4 сентябрьде Қыбыр Шығыста Находка порты ауданында ССРО-ның мемлекеттік шекарасын өрескел бұзғандығымен байланысты АҚШ Үкметіне наразылық білдірді.

6 сентябрьде АҚШ-тың Москвадағы елшілігі АҚШ Үкметінің нұсқауы бойынша ССРО Сыртқы Істер Министрлігіне екі нота жіберді, бұл ноталарда ССРО-ның мемлекеттік шекарасын америка соғыс самолетінің бұзғандығы фактысына талас білдіріледі және америка самолеті Сибирьдің жағалауына жақын жерде ашық теңіз үстінде «патруль жасап ұшып жүрген» кезінде оған советтің екі истребительі атака жасады-мыс деп мәлімделеді. АҚШ Үкметі америка самолеті совет истребительдерімен кездескенінде бұларға оқ атнады-мыс деп те мәлімдеді.

8 сентябрьде ССРО Сыртқы Істер Министрлігі АҚШ елшілігіне мына мазмұнда нота жолдады:

«Америка Құрама Штаттары Үкметінің 1954 жылғы 6 сентябрьдегі № 202 және №203 ноталарымен байланысты, Совет Үкметі мынаны мәлімдеуді керек деп санайды.

Совет Үкметінің 5 сентябрьдегі нотасында хабар етілгеніндей, дәлме-дәл анықталған мәліметтерге сәйкес, 4 сентябрьде Владивосток уақыты бойынша 19 сағат 12 минутта (жергілікті уақыт бойынша 18 сағат 12 минутта) «Нептун» типіндегі екі моторлы америка соғыс самолети Находка портының шығыс жағында Островной шығанағы ауданында ССРО-ның мемлекеттік шекарасын бұзған. Американың самолетінің Совет Одағының шекаралары шеңберінде екенін көрсету және оған ССРО-ның әуе кеңістігінен дереу кетуді ұсыну мақсатымен америка самолетіне советтің екі истребитель самолеті жақындаған кезде, жоғарыда айтылған америка самолеті совет самолеттеріне оқ атқан. Шекара бұзушы америка самолетінің совет самолеттері жөнінде осылай, ешнәрсен анықталмаған дұшпандық қиымды жасауы себепті совет самолеттері жауап ретінде ылажсызды оқ атқан. Осыдан кейін америка самолеті теңізге қарай бетін қалған. Шекара бұзушы самолеттің бұдан былайғы тағдыры туралы Совет Үкметі орындарының қарамағында мәліметтер жоқ.

АҚШ үкметі Совет Үкметінің 5 сентябрьдегі жоғарыда айтылған нотасына жауап болып табылатын № 203 нотасында америка әуе соғыс күштерінің самолеті Совет Одағының шекараларын өрескел бұзғандығының және бұл самолеттің екі совет истребительіне ешбір себепсіз оқ атқандығының совет нотасында келтірілген фактілерін ешбір дәлелсіз бекерше шығарады. Мұнымен қабат АҚШ үкметі 4 сентябрьде жергілікті уақыт бойынша 18 сағат 18 минутта АҚШ-тың соғыс-теңіз күштерінің самолеті совет нотасында көрсетілген ауданда болғандығын өзінің нота-

ды. Оның бер жағында, АҚШ-тың соғыс теңіз министрлігі сыяқты бедеді үкмет органы, америка самолеті совет истребительтеріне оқ атқандығын 6 сентябрьде жария етті. Американың самолеті экипажының мүшелері өздерінің баспасөзге арналған мәлімдемелерінде совет истребительдеріне өздерінің оқ атқандығын растап отыр. Сонымен америка самолеті тегі оқ атнады-мыс деген мәлімдемеден шындыққа сәйкес келмейді.

Бұдан кейін, АҚШ үкметінің № 202 нотасында америка үкметі совет истребительдерімен Владивостоктың шығыс жағында 100 миль жерде ашық теңізде кездесті, делінген. Оның бер жағында, Владивостоктың шығыс жағындағы 100 миль жердегі пункт америка нотасында айтылатындай ашық теңіз үстінде емес, қайта Совет Одағы жерінің үстінде екені мәлім. Американың баспасөзінің хабары бойынша, АҚШ-тың ресми теңіз адамдары мұны ылажсыз мойындаған.

Совет Үкметінің 5 сентябрьдегі нотасында келтірілген, дәлме-дәл анықталған мәліметтер, сол сыяқты, АҚШ-тың соғыс-теңіз министрлігінің жоғарыда айтылған хабары және америка самолетінің экипаж мүшелерінің мәлімдемелері АҚШ үкметінің нотасында айтылғандары толық бекерше шығарады.

Өзінің нотасында ССРО шекарасын бұзған және ешбір себепсіз совет самолеттеріне оқ атқан америка самолетінің ұшуы жөнінде анықталған фактілерге қайшы келетін лақаптарды баяндап, АҚШ үкметі мына мәселеге соқпай өтеді: «Сибирьдің жағалауында» Совет Одағының әуе кеңістігінде америка соғыс самолеті қандай патруль қызметтерін атқара алаты және Владивосток қаласы ауданында америка самолеттері жалпы алғанда «патруль жасап ұшу» үшін неге жіберіледі. Осымен байланысты мынадай орынды сұрақ туады: егер советтің жауынгерлік самолеттері АҚШ-тың мемлекеттік шекарасына жақын, мысалы, Сан-Франциско ауданында «патруль жасап бастаса, бұл шекараны ыларғы бұзса және шекараны күзетіп жүрген америка самолеттерімен кездескенінде оларға оқ атса» АҚШ үкметі бұған қалай қараған болар еді. АҚШ үкметі бұған нежұрайлы қарай қоймас еді.

Америка соғыс самолетінің Қыбыр Шығыста ССРО-ның мемлекеттік шекарасын осы жолы бұзуының жағдайлары және америка самолеттерінің совет шекарасын бұзған бұрын бұзғандығына қатынасы бар жағдайлар америка соғыс самолеттерінің Совет Одағы шекараларын бұл сыяқты бұзушылықтары америка соғыс командованының белгілі тапсырмалары орындаумен байланысты екендігіне ешбір күмән қалдырмайды.

Америка соғыс командованының бұл ұйымдары және атап айтқанда, америка соғыс самолетінің быйылғы жылғы 4 сентябрьде ССРО-ның мемлекеттік шекарасын бұзуы халықаралық заңның қарсы-

ушымысты қызу қуаттады.

Егіс бригадалары мен мал фермаларын-
өткізілген өңгімелер мен оқылған лекция-
лар және саяси баяндамалар, жауынгер-
лік листоктар колхозшылардың өндірістік
белсенділіктерін арттыруда зор роль атқа-
рып отыр.

Колхоздың озат сауыншылары Вагнер,
Райн жолдастар үстіндегі жылдың өт-
кен сегіз айында әрбір сыйырдан 1300—
1400 литрден сүт алып, міндеттемелерін
аброймен орындауда. Шонандар әрбір
қойдан 3,2 килограмнан жүн қырықты.
Колхоз 20 августқа дейін өткен жылмен
салыстырғанда 3 мың центнер жемшөпті
артық дайындады. Осы сыяқты, егін
жыйнау және мемлекетке астық тапсыру
жұмыстары да ойдағыдай жүргізілуде.

А. БОШАТАЕВ,

ҚКП Ленин аудандық комитетінің
нұсқаушысы.

Мектеп комсомол ұйымдарының жұмысын жақсарту берейік

Коммунизмнің болашақ құрылышыла-
ры—жас ұрпақтарды советтік патриотизм,
Коммунистік партия мен ұлы Отанға шек-
сіз берілгендік рухында тәрбиелеуде және
мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарын жо-
ғары дәрежеде жүргізуде мектеп комсомол
ұйымдары зор роль атқарады. Облыстың
бірқатар мектептеріндегі комсомол ұйым-
дарының өз жұмыстарын көзінше талап-
тардың дәрежесіне сай жүргізіп, жас
ұрпақтарды тәрбиелеуде және оқытуда
дирекция мен мұғалімдердің сенімді кө-
мекшісі болуының нәтижесінде мектеп-
тегі оқу-тәрбие жұмысының жақсы та-
быстарға не болғандығы тәжірибеде дәлел-
деніп отыр. Бұған мысал ретінде қалата-
ғы Ленин атындағы № 1 орта мектеп
оқушыларының комсомол ұйымының жұ-
мысын алуға болады. Бұл ұйым өткен
оқу жылы өз жұмыстарының негізгі өзегі
етін оқушыларды саналы тәртіпке баулу
және саналы үлгеріміне жеткізу мәселе-
сін алды. Комсомолдардың жалпы жыйна-
лыстарында, комсомол комитетінің мәж-
лістерінде бұл мәселеге баса назар ауда-
рылып, оқу-тәрбие жұмысында орын
алып отырған кемшіліктер батыл сына-
лып отырылды. Комсомол комитеті сабақ
үлгерімімен жеке-жеке жұмыс жүр-
гізіп, оларға жолдастық көмек көрсетуді,
сөйтіп, оқушының сабақ үлгеруін артты-
руды өз істерінің әдетіне айналдырды.

Мектеп комсомол комитетінің баса на-
зар аударған жұмыстарының бірі—мектеп-
терде политехникалық оқуды жүзеге асы-
руға атсалысу болды. Комитет мүшелері
мектептегі политехникалық үйірмелердің
жұмыстарын жақсарту жөнінде өз мәж-
лістерінде нақтылы шаралар белгілеп,
оны творчестволықпен жүзеге асыруға
жеткізді. Оқушыларды саналы тәртіпке
баулу жұмыстары да комсомол ұйымының
назарынан тыс қалған жоқ. Міне, бұл жұ-
мыстардың игі нәтижесінде мектеп өткен
оқу жылы жоғары көрсеткіштермен аяқ-
тады.

Мектеп-Ленин комсомол ұйымының
тінде оқушы адамдардың саны, әсіресе,
басшы партия, совет қызметкерлері есе-
бінен көм болып келеді. Әйтпесе осы ол-
дылықты жоюда болып отыр.

Жаңа оқу жылында марксизм-ленин-
изм теориясын өздігінен үйренуші ком-
мунистердің саны өткен жылдарға қара-
ғана анағұрлым артық болады. Міндет —
олардың оқуына көмекті жақсарту болып
табылады. Осыған байланысты қалалық
партия комитеті кітапханасының жа-
нында сыртқы саясат және халық аралық
қағнасы мәселелерінің тарихы, социалис-
тік өндірістің экономикасы және Комму-
нистік партияның теориясы мен тарихы
жөнінде лекциялар оқуды ұйымдастырады.
Сол сыяқты, 25 адамнан штаттан тыс
лекторлар тобы ұйымдастырылмақ. Оның
құрамында Красная, Горький, Алексеев, Ан-
симов, Беев сыяқты тәжірибелі лекторлар
бар. Мұнымен бірге, 30 адамнан құрыл-

ған саяси білімдерін арттыру қажет екенін
маңынан түсіндіру керек.

Қала партия ұйымдары жаңа оқу жы-
лына әзірлікте еркіндік принципі жүзе-
ге асыруда орын алған кемшіліктерді де-
реу жойып, әрбір коммунистің саяси бі-
лімін арттыру мақсатымен олардың
оқуын дұрыс ұйымдастыру жөнінде нақ-
тылы шаралар белгілеуге тиіс. Мұнымен
бірге, қала партия ұйымдары жаңа оқу
жылы басталғанға дейін коммунистердің
оқуы үшін қажетті саяси әдебиеттерді
даярлау жөнінде тиісті шаралар белгілеп,
кітапханаларды партия насихатының ор-
талығына айналдыруы қажет.

Коммунистердің саяси оқуын партия-
мыздың Орталық Комитетінің нұсқаула-
рына сәйкес ұйымдастырып, партия на-
сихатының мазмұнын арттыра берейік.

А. СИЛИН,

ҚКП қалалық комитеті насихат және
үгіт бөлімінің меңгерушісі.

Еңбекшілер өздеріне тұрғын үйлер салуда

Петропавл қаласында көптеген еңбек-
шілер өздеріне тұрғын үйлер салуда.
Мемлекет тұрғын үй салушыларға төрт
миллион сомға жуық қарыз берді. Көзір
190 адам өзіне жеке меншік үй салуда.
Олардың көпшілігі қаланың көсіпорында-
рының жұмысшылары мен қызметшілері.
Соңғы жылдары қалада барлығы 500
адам өздеріне тұрғын үйлер салды.

Ғ. САДУОВА,

Бір күнде 39 гектар

Мамлют ауданының Куйбышев атындағы
колхозында жұмыс істейтін колхоз-
байышы Л. Таберт жолдас «С—6» комбайн-
мен бір күнде 39 гектар егін орды.
Үлгілі комбайншы еңбек қарқынын өріс-
тете түсіп, жоғары көрсеткіштерге жету-
де.

есеп беру-сайлау жыйналыстарын жақсы
дайындықпен өткізу қажет.

Комсомол жұмысын тек қана іскер сек-
ретарь сайлап алумен тыңдыруға болмай-
ды. Өйткені, бір адам ешқандай да ұйым
жұмысын өз дәрежесінде жүргізуге жетісе
алмайды. Сондықтан, мектеп комсомол
ұйымы өзінің жұмысын активтерге сүйе-
ніп жүргізулері керек. Активтер арқылы
өзектестірі барлық комсомолдардың бел-
сенділігін арттыру, олардың практикалық
іске көшуін қамтамасыз ету, сөйтіп, ком-
сомол ұйымының іскер коллективін құ-
руға жетісу—мектеп жанындағы комсо-
мол ұйымдары жұмысының табысты бо-
луының кепілі.

Комсомолдардың белсенділігін артты-
руда оларға берілетін міндеттемелердің зор
маңызы бар. Комсомолдардың практика-
лық жұмыстарға неғұрлым жиі тарту,
олардың ұйыммен қатынасын нығайта бер-
ретін болады. Бұл сыяқты міндеттемелер-
дің ішіне комсомолдарды әсіресе, сабақ
үлгеріміне оқушыларға көмектестіру ша-
раларына баса назар аударулары қажет.
Сол сыяқты, комсомолдардың жыйналы-
сында тақылапталатын мәселелердің өзекті,
жаңды болуы ұйым мүшелерінің белсен-
ділігін арттыруға жақсы көмектеседі.

Мектептің мұғалімдер коллективі соң-
ғы уақытқа дейін өздерінің көмектерін
қамқорлыққа алу түрінде жүргізіп келді.
Мұның өзі көп дәрежеде комсомол ұйы-
мының инициативалық ролін төмендетіп,
олардың жұмысты жақсы жүргізуге ке-
рісініне әсер етті. Мектеп комсомол ұйы-
мының өзіндік ерекшелігі бар. Ол ұйымға
басшылық жасаған уақытта ешқандай
әкімшілікке, қысым жасауға, бұйыруға
болмайды. Мұғалімдердің ұйымға жасай-
тын көмегі бәрінен бұрын комсомолдар-
дың қажетті мәселені дәрежесінде көтерін,
оны творчестволықпен шешуіне көмекте-
суге негізделуі тиіс. Сол сыяқты, бұл мә-
селе туралы қабылданған қаулылардың
орындалуына барлық комсомолдарды
қатыстыруға жетісу қажет.

Мектеп жанындағы комсомол ұйымдары
өз жұмыстарын үкімет пен партия совет
мектептерінің алдына қойып отырған
міндеттермен ұштастыра жүргізгенде ға-
на табысты бола алады. Бұған мысал ре-

таларында айындайды, ал мұның өзі уа-
қыт жағынан совет үкіметінің нота-
сына көрсетілген уақытпен біршама дәл кел-
еді.

АҚШ үкіметі істің жайын көрсеткенде,
америкалық сөзге самолети, Сибирьдің жа-
ғалауында патруль жасап ұшып жүріп
«ашық теңіз үстінде» болды-мыс, ол совет
самолеттеріне оқ атыды-мыс және
совет самолеттерінің тарапынан шабуыл-
ға ұшырады-мыс деп көрсетуге тырыса-

СЕНТЯБРЬДІҢ ЕСЕБІНЕ

ЖАМБЫЛ. (БазТАГ). Жамбыл хром
заводының коллективі Қазақстанның жә-
не Орта Азия республикаларының аяққиям
фабрикаларына сентябрьдің есебіне был-
ғары товарлардың бір тобын жөнелтті.

Көсіпорын жана техникамен қарулан-
дырылуда. Былғарыны бойынша цехта ши-
кізатты жууға арналған жана агрегат-
тар мен қуатты жарабандар орнатылды.
Құлау бөлімінде жетілдірілген кергіш ма-

шиналар жұмыс істейді. Қосымша локо-
мобильдер еңбек көп жұмсалатын процес-
терді механикаландыруға мүмкіндік ту-
ғызды. Осының нәтижесінде хром жасау
өткен жылмен салыстырғанда екі есе
арттырылды.

Еңбек өнімділігін арттыру жолындағы
жарыста Омьшбаевтың, Дергачеваның
және Дроновтың бригадалары ең жақсы
табыстарға жетті.

қасиеттерін дамытуға ерекше назар ау-
дарулары керек. Әсіресе, ер және қыз ба-
лалар арасындағы жолдастық қатынасты
дұрыс дамытудың зор маңызы бар.

Мектепте сабақ үлгеру дәрежесін арт-
тыруда пәндік үйірмелерге зор маңыз
беріледі. Оқушылар мұғалімдердің басшы-
лығымен бұл үйірмелерде өздерінің алған
теориялық білімдерін практика жүзінде
іске асыруға үйренуге мүмкіншілік ала-
ды. Сондықтан, мектеп комсомол ұйымдары
техникалық және машиналар тетік-
терін үйренетін, сол сыяқты селәлік мек-
тептерде агрономиялық және зоотехника-
лық үйірмелердің жұмыстарын жолға қою-
ға көмектесуге өз назарларын аударулары
керек. Қаладағы Киров атындағы, Горь-
кий атындағы, Полудень, Смирнов орта
мектептерінде бұл үйірмелердің жақсы
жұмыс істеуі оқушылардың еңбек дағ-
дыларын қалыптастыруда зор роль ат-
қаратындығын көрсетті.

Мектептердегі физкультура және спорт
жұмыстарын кеңінен өрістету—комсомол
ұйымдарының басты міндеті. Бұл мәсе-
леде олар ерлікті спорт қоғамдары және
көпшілік ұйымдарымен бірлесіп отырып,
оқушыларды физкультура және спорт жұ-
мыстарына кеңінен қатыстыруға, әрбір
комсомолдың «ГТО» значегіне норма тап-
сыруына жетісу қажет.

Пионер ұйымдарының жұмысына бас-
шылық жасау—мектеп комсомол ұйымы
жұмысының маңызды учасқтарының бірі
болып табылады. Комсомол ұйымы әсіресе
жас пионерлердің сабаққа саналы көзта-
растарын, ұйымшылдығын, еңбек сүй-
гіштігін қалыптастыруға баса назар ау-
дарулары керек.

Мектептерде оқу-тәрбие жұмысын кө-
зірлі талаптардың дәрежесіне сай жүргі-
зуде мектеп жанындағы комсомол ұйым-
дарына зор жауапкершіліктер жүктелген.
Өздерінің барлық жұмыстарын жас ұр-
пақтарды коммунистік рухта тәрбиелеуге
негіздей отырып, мектеп комсомол ұйым-
дары оқушыларды тәрбиелеуде және оқы-
туда мұғалімдер коллективінің сенімді
көмекшілері дәрежесінде болуға тиіс.

И. МИТРОФАНОВ,

ҚКП облыстық комитеті мектептер бө-
лімінің меңгерушісі.

Мал шаруашылығы озаттарының тәжірибесі өндіріске кеңінен қолданылсын

Мал шаруашылығы өркендеген колхоз

ПОЛУДЕНЬ. (8з тілшіміз). «Прогресс» ауылшаруашылық артелінің өткен жылғы табысы ақшаға балағанда миллион сомнан асты. Бұл табыстың жартысынан астамы мал шаруашылығынан алынды. Мұнда мал басы көбейіп, оның өнімділігі жылдан-жылға артып отыр. Колхоз малшылары қол жеткен табысқа қанағаттанып қоймай, малды көбейте беруге, оның өнімділігін арттыра түсу үшін қажырлы еңбек етіп келеді. Қоғамдық малды өркендету мақсатына мүмкіншіліктің барлығы пайдаланылып отыр.

Малшылардың көпшілігі бұрыннан істеп келе жатқан тәжірибесі мол адамдар. Олар жазғы мал жайылымдарын дұрыс пайдаланып, күтім жұмыстарын жақсы ұйымдастырған. Жайылымдық жерлер учаскелерге бөлініп, ол график бойынша пайдаланылады. Сондықтан қоғамдық мал аман өсіріліп, олардың өнімділігі артып келеді.

Колхоздың жері шүйгін, суы мол. Оның үстіне мал азығындық дақылдар мол жыйналып алынды. Мал шаруашылығына күнделікті көңіл бөліп, олардың күтіміне жақсы жағдай жасалғандықтан колхоз дәулеті жылма-жыл артып, көптеген табыстарға жетуде. Быйыл колхоз малшылары 73 ірі мүйізді қара малды, 300 қойды, 30 шошқаны жоспардан артық өсірді. Мұндай табыс колхоз малшыларына оңайлықпен келген жоқ. Олар малдың аман болуына, күтімдерінің жақсы болуына, төдерін аман сақтауға барлық күш-жігерлерін жұмсады.

Колхоздың атақты шопаны В. Рыбалкин жолдас көп жылдан бері қой бағын келеді. Оның қой бағудағы бай тәжірибесі өз жұмысында көптеген кемегін тигізін жүр. Бұл бай тәжірибені зоотехникалық біліммен ұштастырып, колхоз дәулетін арттыруда жыл сайын жаңа табыстарға жетіп жүр. Ол быйыл әр 100 саулықтан 130 қозы алып, оны аман өсірді. Сол сияқты сыйыр, шошқа күтушілер де өз міндеттерін ойдағыдай орындап, елеулі табыстарға жетуде. Малдың бұл түліктері де жылдан-жылға көбейіп, өнімділігі артып келеді. Мысалы сауыншы Анна Сергелазова жолдас құнажын сыйырлардан 1000 литр сүт сауып, жылдық жоспарын бірінші августа 1280 литр етіп орындап отыр. Оның осындай озат еңбектері үшін колхоз басқармасы қосымша еңбекақы ретінде 531 литр сүт және 1 торай берді. Колхозда Анна Карпенко, Мария Ткаченко сияқты басқа сауыншылар да жылдық жоспарларын толық орындап, сыйыр бұзауларын аман өсіріп келеді.

Колхоз сауыншыларының осындай қажырлы еңбектерінің нәтижесінде мемлекетке сүт тапсырудың жылдық жоспары 1 августа толық орындалып, 500 центнер сүт сауда орны арқылы мемлекетке сатылды. Жыл аяғына дейін тағы да 500 центнер сүт сатылмақ.

Ауылшаруашылық көрмесі тәжірибемізді байыпта түсті

Біздің елімізде еңбек зор бағаланады. Демек, бізде еңбек аярой әпереді, даңқ шығарады, ер атандырады. Сондықтан да еңбекке белсене қатынасып, Отан итілігі, халық игілігі үшін аянбай қызмет етеміз. Мен көп жылдан бері мал шаруашылығында еңбек етемін. Бұл шаруашылыққа араласқалы айтарлықтай табыстарға ие болып келемін. Үкметіміз еңбегімді бағалап өткен жылы мені Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтады. Быйыл Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатыстым. Мұның барлығы бізде қарашайым еңбек адамдарының зор қамқорлыққа иеленіп отырғанын көрсетеді.

Ел жүрегі, сүйікті астанамыз—Москвадағы көрмеде болған аз күн біздер үшін бірнеше жылдық тәжірибе мектебімен тең болды. Онда ауыл шаруашылығы саласында үздік көрсеткіштерге ие болған озаттардың, мамандардың жұмысын өз көзімізбен көріп, тәжірибемізді байыпта түстік. Көрме біздің творчестволық ойымызды толықтырып, жұмысты бұрынғыдан да жақсы істеу жолдарын біздерге көрсетті.

Туысқан республикалардың және Қазақстан павильондарын аралап, егіншілік саласын көргеннен кейін мен эскурсия Валентина Калугайко жолдаспен енді көрмеге өз табыстарымен келген еліміздің озат мал фермаларын көрсетуін өтіндім. Ол менің тілегімді орындап, мал шаруашылығы фермаларында атақты Караваева совхозының малшыларымен таныстырды. Мені бұл совхозда алынатын өнім мөлшері, әресе сүт мөлшері қызықтырумен бірге зор қуантты.

«Караваева» совхозы фермаларында Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған сауыншы Иванова жолдаспен кездестім. Онымен шаруашылық жағдайында әңгімелескенде мен сыйыр құнарын арттырудың басты шарты—мал азығын жасау, оны әзірлеп беру жолдарын бұрынғыдан да жақсы түсіндім.

Кострома облысы «12 октябрь» колхозының асыл тұқымды сыйыр фермаларында да болдық. Бұл 1939 жылғы ауылшаруашылық көрмесіне де қатысқан колхоз. Онда мал өсірудегі үздік табыстары үшін 10 мың сомдық бірінші дәрежелі ақшалай сыйлық және бір жеңіл автомашина алған.

Бұл колхозда көзір «Кастромек» тұқымды 264 ірі қарамал бар. Оның ішінде 105 сауын сыйыр. Сауыншылар 1953 жылы әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 4741 килограмм сүт алған. Бұл 1950-1952 жылдардан 500 килограмм

артық. Сүттің майлылығы 3,96 процент. Әр сыйырдың тірдей салмағы 600 килограммға жетеді. Оларда майлылығы 4,19 проценттен жылына 11689 литр сүт беретін сыйырлар да бар.

Мен осы колхоздың 1953 жылы әр сыйырдан орта есеппен 5339 килограмм сүт сауып, 698 еңбек күн тапқан Социалистік Еңбек Ері Корнева жолдаспен көп әңгімелесіп, пікір алыстым.

Бұл колхозда өткен жылы әрбір сауын сыйырга орта есеппен 18 центнер бидайлық және шағын шөп, 34 центнер сүрпыз, 12 центнер тамыр-жемісті аралас жемаздық, 48 центнер картоп, 24 центнер көк қосымша шөп, 8,4 центнер үгілген жем, 1,4 центнер бөртпе азық дайындалған. Ал, Караваева совхозында дайындалатын азықтың сапасы бұдан да жақсы екен.

Көрмедегі озат малшылардың жұмыс тәжірибелерін көріп, мен біздің совхозда малдардың күтімі әлі де жетіспейтінін аңғардым. Сауын сыйырлардың құнары жоғарыдағы айтылған мөлшердегілерден кем болуы да осыдан деп білдім. Сондықтан қолда бар мүмкіншілікті толық пайдалана отырып, қайткенде малды жыл бойына құнарлы азықпен қамтамасыз етуге жағдай жасау мәселесі мені көп ойландырды. Көзір біз, совхоздың сауыншылары мал азығын көрмедегі озаттарға дайындауға жетісу үшін күресудеміз.

Озат фермалардың тәжірибелері сүтті мол алу үшін сауыншыларды іріктен алу да ерекше мән барлығын көрсетеді.

«12 октябрь» колхозының мал фермаларында 12 Социалистік Еңбек Ері жұмыс істейді. Олардың бәрі дерлік ферма ұйымдастырылған күннен бері істеп келе жатқан тәжірибелі малшылар. Малдан жоғары өнім алу үшін әрбір ферма, малшылардың осындай тұрақты құрамын жасауы шарт. Бірақ, бізде бұл шарт әлі тиісті дәрежеде болмай келеді.

Мен осындай өзін көрпеп бай тәжірибелерді күнделік жұмысыма пайдалана отырып, алдағы уақытта еліміздегі озат сауыншылар көрсеткішіне жетуді қарастырудамын. Совхоз дирекциясы мен бастауыш партия ұйымы жұмыстың жанды әдіспен өрлей түсуіне толық жағдай жасауда. Бізде алдағы уақытта көрмеге тек қатысуға ғана емес, оның төрінен орық алып, еліміздің барлық түпкірлеріне өзіміздің озат тәжірибемізді таратушы болғымыз келеді.

Ж. ЕСЕНОВА,

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының орденді сауыншысы.

Көрмеде алған зор әсермен

Жас қыз Валентина Чмут 4 жылдай октябрь ауданы «Щит» колхозының бұзау күтушісі болып істейді.

Мал қораларын әзірлеу тездетілсін

Преснов ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары мал қораларын салу, оларды жөндеу жұмыстарын ерте қолға алды. Сталин атындағы колхозда (председателі Михайлов жолдас) бұл жұмыстар қызу жүргізілді. Колхоз быйылғы жылдың өзінде 500 бас ірі қарамал және 200 бас шошқа тұратын қоралар салды. Ворошилов, Аманжолды атындағы колхоздарда да қора салу және ескі қораларды жөндеу жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде.

Бұл колхоздарда қора салу жұмыстарын тұрақты құрылыс бригадалары жүргізеді. Мұндай бригадаларды ұйымдастыру, жұмыстың тез және сапалы жүргізілуіне жеткізіріп отыр.

Бірақ, ауданның барлық колхоздарында мал қораларын салу, жөндеу жұмыстары бұл дәрежеде жүргізіліп отырған жоқ. Ауданның көптеген колхоз басшылары қоғамдық малдарды қыста жылы қоралармен қамтамасыз ету жұмыстарына немқұрайды қарап келеді.

«Сталин жолы» колхозында (председателі Жолмұқанов жолдас) быйылғы жылғы жоспар бойынша 200 ірі қарамалға және мың бас қой-ешкіге арнап жаңадан қора салуға тиіс еді. Ол үшін осыдан үш ай бұрын құрылыс керекті материалдар жеткізуге адамдар бөліп, бұл істі басқаруға колхоз председателінің орынбасары Қасенов жолдас тағайындалған болатын. Аманжол, Касенов жолдасның іске жауапсыз қарауы салдарынан колхозда күні бүгінге дейін бірде-бір мал қора салу аяқталған жоқ.

Ауданның Чинаев атындағы колхозында да жаңа мал қораларын салу жұмысы мүлдем қанағаттанғысыз. Колхоз быйылғы жылы бірнеше жаңа мал қораларын салуды жоспарлаған болатын. Бұл үшін колхозға жүздеген текшеметр құрылыс ағаштары босатылды. Бірақ, колхоз басқармасының мұндай маңызды іске жеткілікті мән бермеуі салдарынан босатылған құрылыс материалдары тиісті орнына пайдаланылмады. Сөйтіп, колхоз басшыларының ұйымдастыру жұмысының нашарлығынан құрылыс жұмысы кешеуілдеп, егін жыйнау науқанына қарбалас келді. Көзір колхоздағы құрылыс жұмыстары мүлдем тоқтатылған.

Малды шығынсыз өсірудің және олардың өнімділігін арттырудың негізгі шараларының бірі, малға жылы қоралар әзірлеу жұмысындағы жол беріліп келген кемшіліктерді тез жою үшін аудан басшыларының бұл мәселеге ерекше көңіл бөлулері керек.

М. ӘКІМЖАНОВ.

Озат шопандар

Қой шаруашылығын өркендету жолында Октябрь ауданының «Бірлік» колхозы елсуді табыстарға жеткізе Колхоз...

ДӘРІГЕР-ДИССЕРТАНТ

Қалалық біріккен аурухананың бірінші хирургиялық бөлімшесінде жаңа еңбек күні басталды.

—Петр Митрофанович келе жатыр!

Бұл сөздің ерекше сүйсінегіштігімен айтылуына және аурухана қызметкерлері мен дәрігерлік қабылдауға келгендердің құрметпен қарсы алуына қарағанда қалың шапшы бұырлана бастаған, жүзінде көп жылғы еңбек түсірген әжімдер бар, бірақ, жас адамдарша бойын тік ұстап, көңілділік кейіні өзгертіпеген оны мұндағарлардың барлығы да өте жақсы көріп, сыйлайтындығы байқалады. Бұл—осы бірінші хирургиялық бөлімшенің меңгерушісі, қарт хирург Петр Митрофанович Кролевец еді.

20 жыл бойы күнде таңертең өз бөліміне жақындай бергенде Петр Митрофановичтың бойын ерекше бір толқын билейтіні бар еді. Бұл өзінің емдейтін адамдарының алдында, өзінің ең қымбатты қазнасы—ден саулығын, қала берді—өмірін сеніп тапсырған адамдардың алдындағы жауаптылығын сезіну еді. «Сен қайткен күнде де олардың сенімін алдамауға тиісің. Олардың өмірін сақтау үшін бойыңда барды аямауың керек». Міне, өзінің жұмыс орнына келе жатып, хирургтың олайтындары да осы еді.

Өткен түні Петр Митрофанович әдеттегіден көбірек жұмыс істеді. Ол таң атқанға дейін уақытын операция столының жанында өткізіп, ауруханалан қалықанда таңертеңгі көкпіл тұман тарқап, жарқырай шығып келе жатқан күн сәулесімен шағылысқан ағаш жапырақтарындағы шықпақты тамшылары қызыл-жасыл түрге енген маржандай құлпырып, аурухана ауасына айырықша сән беріп тұр еді. Ертенгі табиғаттың әсем көрінісі Петр Митрофановичтың бойындағы қажырғаң қалыпты жұлып тастағандай болып, ол жадырап көңілдене түсті.

...Бұл бұдан 30 жылға жуық бұрын болған еді. Омск медицина институтын жаңада ғана бітірген жас дәрігер Кролевец бір шағын ауруханаға дәрігер-ординатор болып орналасты. Күндегі әдегі бойынша кешке үйіне қайтуға әзірлене бастаған оның кабинетіне әлде неге сәл қалақтаған, көздерінде қорыққандықтың белгісі бар бір әйел асыға кірді. Әйелдің қолында қара көрнеге ораған жас бала бар. Ол кірген беттен естілер-естімес қана:

—Доктор, көмектесе көріңіз, —деп қолындағы ораулы баланы дәрігерге ұсына берді. Жас дәрігер өзіне ұсынылған баланың бетіне үңілді де, оған ешқандай көмектің керек болмай қалғандығын бірден сезді.

—Құрметтім менің, —деді ол дірілдеген дауыспен, —сіздің балаңыз... балаңызға ешқандай көмек керек емес.

Әйел шопынғандай баласын дереу кеудесіне басты да, өзінің отты көзін дәрігерге жалт еткізіп бір тастап, бөлмеден шығып кетті. Мұндай кенет оқийғандай абырғап қалған Кролевец бөлме ортасында үнемі біраз уақыт тұрды да әйелдің артынан жүгіре шықты...

Бұл қайғыны оқийғандар кейін...

үйге өзі баратын болады. Естимісің, өзі барады.

Дәрігердің жүзіне сынай қараған Иванның көңіліне үміт оты тұтанды да, үндемей шығып кетті. Күндер өтті. Дәрігер көп ізденді. Басқа дәрігерлермен ақылдасты. Ғылыми кітаптарды оқыды. Еңбек зая кеткен жоқ. Ауру да тәуір бола бастады. Ал, бірнеше апта өткен соң Мария әбден жазылып та болды. Үйіне кетерінде ол дәрігерге өзінің алғысын айтып, орысша айқыра құшақтап, үш қайтара сүйіп те алды. Әйелін қарсы ала келген Иванның шексіз қуанышы адамның жан дүниесін тәбіретерлік, аса бір толқынды еді.

Петр Митрофанович осы Мария Прохорованы емдегеннен кейін-ақ өте хауыпты, әрі емдеуі қиын аурудың бірі—бүйрек эхинокогыен емдеу жолдарын теренірек зерттеуді өзіне мақсат еткен-ді. Ал, бұдан 18 жыл бұрын Петропавл ауруханасына орналасқаннан кейін ол, бұл жұмысты тікелей қолына алды. Эхинококпен ауырғандар өз облысымызтан ғана емес, Омск, Тюмен, Свердлов, Қорған облыстарынан да келіп, Петр Митрофановичтың алдынан тәуір болып кетіп жатты. 17 жыл бойы өзі емдеген аурулардың жағдайларын зерттеді, жыйнаған материалдарын қорытындылап, белгілі жүйеге келтірді. Ең қиын проблема—адам өмірін сақтау проблемасын шешу үшін көп жыл бойы творчестволық қызмет етті. Көп жылғы еңбектің қорытындысы—диссертация да дайын болды. Кандидаттық минимумдар ойдағыдай тапсырылды. Енді оны тек қорғау ғана қалды. Петр Митрофановичтың ғылыми жетекшісі медицинаның қарт профессоры Александр Иванович Мануйлов оның диссертациясы кандидаттық диссертациядан гөрі докторлық диссертацияға жақын деп сүйсінегішпен атап көрсетті.

Хирургтың ізденушілік қабілеті медицинаны басқа салаларында да көрініді. Ол ауруханада бірінші болып операцияны профессор Вишневскийдің әдісімен жасауды меңгерді. Эфир наркозының орнына жергілікті анестезияны қолданды. Мұның өзі операциядан кейін адам организміне келетін зиянды едәуір азайтатын болды.

Өткен жылы Петр Митрофанович Кролевец өзінің көп жылғы табысының еңбегі үшін ең жоғары награда—Ленин орденімен наградталды. Жақында оның жасаған операциясының саны 15 мыңға төлді. 30 жылдың ішінде дәрігердің шебер қолы қанша адамның өмірін сақтап қалды десеніңші!

Кролевец тек қана дәрігер емес, ол сонымен бірге халық сенген қоғам қайраткері—қалалық Советтің депутаты. Қарт дәрігердің барлық өмірі совет адамына, оның бахытты өмірі мен денсаулығын жақсартуға арналған.

Петр Митрофановичтың әрбір қадамында жаңаның ізі байқалады. Инициативалы, жігерлі ол өз ісінің үлгісімен жас дәрігерлерді қол жеткен табыстарға қанағаттануып қалаудан үнемі сақтандырып, алдығы қатарлы хирургтердің озат тәжірибелерін үйренуге, олардың бағалы жақтарын өз жұмыстарына қолдануға...

лығының өнімдерінен колхозға 500 мың сомнан аса кіріс алынды.

Қоғамдық мал үшін жылы қоралар салу, жемшөптен толық қамтамасыз ету істеріне ерекше көңіл бөлінген. Колхозда 100 сыйырлық стандартты үш қора және төрт сыйыр қорасы, үш қой қорасы, төл үйлері жөнделіп жатыр. Бұл қоралар жанына 10 мың центнер жемшөп тасылып жеткізілді.

Б. ЖАҚЫПОВ.

Жемшөп сүрлеуді аяқтады

Коновалов МТС-нің қамтуындағы «Интернационал» ауылшаруашылық артелінің қолхозшылары МТС механизаторларымен тығыз ынтымақтаса отырып, жемшөп сүрлеу жұмысын деркезінде бастады. Жемшөп сүрлеу жұмысы негізінен МТС-тен алынған механизация күшімен жүргізілді. Сүрлеуге шабылған жемшөптердің көпшілігі күнбағыс, жүгері тағы сол сыяқты құнарлы азықтар.

Бұл колхозда 3 мың центнер сүрлеу дерек еді, оны қолхозшылар ойтағыдай жақтап шықты. Бұл жұмыста Тюканько жолдас басқарған бригада айтарлықтай еңбек сіңірді. Бұл бригада шөп сүрлеуді зоотехникалық шараларға сәйкес жүргізді.

Сауын малдың құнарлығы тек құнарлы азық мол болғанда ғана артады. Сондықтан біз бұған ерекше көңіл бөлеміз, —дейді Тюканько жолдас.

С. ҚАЙЫРЖАНОВ.

нің ішінде бірде-бір төлді шығынға ұшыратпады. Озаттардың тәжірибесіне құмарта түскен Валентина алғашқы кездің өзінде-ақ сыйыр саууды ұнатып, колхоздағы алдыңғы қатарлы сауыншылардың жұмысына зер сала бастады.

Валентина сауыншы болып істеген алғашқы күннен бастап малды күтудің, азықтандырудың зоотехникалық ережесін жақсы орындады. Ол өзіне бекітілген 13 сыйырдың әрқайсысынан 1400 литрдің орнына 1600 литр, ал, өткен жылы 1825 литр сүт сауды. Оның адал еңбегін әділ бағалаған колхоз басқармасы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне жіберді.

Еліміздің түрлі түшкірлеріндегі ауыл шаруашылық табыстарын Валентина жәрмеде өз көзімен көрді. Өзіндей бақытты қарапайым совет азаматтарымен кездесті. Солардың ішінде ол, Чернягов облысы, Киров атындағы колхоздың озат сауыншысы Мария Яковлевна Алексеевнаны ұзақ әңгімелесіп, оның сыйыр сауудағы озат әдісімен танысты. Алексеевко жолдас сыйырды дұрыс азықтандырумен бірге, саууға да назар аудару қажеттігін айтты.

—Мен өз қарамағымдағы сыйырларды, олардың әрқайсысының ерекшеліктеріне қарай сауамын. Көбіне сыйырдың желінін қақтап сауған жөн. Осы әдісті қолданып, мен өткен жылы қарамағымдағы сыйырлардан орта есеппен 5480 литрден сүт саудым. Ал, кестрома тұқымды «заюля» деген сыйыр 12 мың литрден артық сүт берді.

Валентина Чмут көрмеде Кострома об-

лысының көрмеде, таңдақорған болысы Чапаев атындағы ауылшаруашылық артелінің сауыншысы Молдабекова сыяқты жолдастармен кездесті.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде көрсетілген егіншілік пен мал шаруашылығы салаларындағы жетістіктер, озат қолхоз, совхоздардың тәжірибелі адамдарының не болған көрсеткіштері Валентинаға үлкен әсер етті. Ол өзінің бұрынғы табыстарына қосына бастады.

Шынында да «Шит» колхозында сауын сыйырдың сүттілігін шұғыл арттырудың мүмкіншіліктері өте көп. Табиғи жайылымдық мол. Оның үстіне жыл сайын 400—450 гектардан сүрленетін дақылдар, тамыр жемістер, қөк шөпке айналған түрлі өсімдіктер өгіледі.

Бұл мүмкіншіліктерді іске пайдалану — жаңа табысқа жетудің кепілі екеніне көзі жеткен Валентина Москвадан келісімен-ақ өзінің еңбектес жолдастарына сүтті мол саууда, малды дұрыс азықтандырудың, күтудің шешуші рөл атқаратынын айтты. Бұған дәлел ретінде көрмеде көрген білгендерін мысалға келтірді. Валентина Чмуттың өнегесі бойынша төварлы сүт фермасының Евдокия Плаксоева, Мария Бодня, Нина Омельченко тағы басқа сауыншылар да алдағы жылы әр сыйырдан 2500—2700 литрден сүт саууды ұйғарды.

Олар кәзір мал шаруашылығының жауапты кезегі —қысқы маусымға қызу әзірленуде. Негізгі жұмыстан қолдары бос уақытта шөп сүрлеу, дәнді мал азығын мол дайындау, қораларды жөндеу істеріне белсене қатысуда.

Х. РАХМЕТОВ.

бірнеше жылдан бері артығымен орындал келеді. Үстіміздегі жылы колхоз қой өсірудің жылдық жоспарын 105 процент өткіз орындады.

Колхоздың озат шопандары қой шаруашылығын өркендету ісіне елеулі үлес қосып жүр. Мысалы шопан М. Райымбеков жолдас мал өсіруде прогресшіл әдістерді батыл қолданып, жүздеген биязы жүнді қой өсірді. Ол жаз айларында қойды шөбі құнарлы, суы мол алыстағы жайылымдарға шығарып, ауыспалы төртпен бақты. Қойлардың тоя азықтануын қалағанда отырады. Арық қойларды ерекше күтімге алады.

Колхоздағы екінші тәжірибелі шопан З. Бітіков жолдас та жыл сайын алған міндеттемесін аброймен орындап, Ж. Райымбеков жолдаспен қалысар емес. Олар қойдың жүндестігін арттыруды —колхоз байлығын молайтудың көзі деп біледі. Бұл колхоз мемлекетке жыл сайын жоғары сортты жүн тапсырады. Соның нәтижесінде колхоз жыл сайын мемлекетке жүн саудадан ғана мыңдаған сом кіріс алуға. Тек быйыл жабағы жүннің өзінен ғана 81469 сом кіріс келтірді. Бұл табыс колхоздың қоғамдық шаруашылығына құрылыс материалдарын, ауыл шаруашылығына қажетті машиналар мен құрал-саймандарды сатып алуға жұмсалып келеді. Сондықтан да колхозшылар белсене еңбек етуде.

Кәзір колхоз күзгі қой қыржуға дайындалуда. Жүн тапсырудың мемлекеттік жоспарынан тыс 150 килограмм жүнді мемлекеттік сатып алу орындарына өткізуді ұйғарып отыр.

А. ЖОЛДЫҒАРИН.

та жастан асыңқыраған бір адам келді. Ол амандасып қысқаша танысқаннан кейін өзінің келген жайын айта бастады.

—Урықсат өтіңіз, Петр Митрофанович, үйге алып кетейің. Мария енді адам... ең болмаса үйде..

Ол қанша зорланғанмен өзіне ең қорқынышты, ең жеке сұрын көрінген жалғыз ауыз сөзді айта алмады. Бірақ, Крелевцев оның не айтатынын бірден-ақ түсінді.

Ауруханаға бүйрек эхинокогімен ауырған Мария Прохорова түскен болатын. Аурудың мұнда жатқанына бір айдай уақыт өтіп, емдеудің неше түрлі әдістері қолданылса да, оның халі төмендей берді. Аурудың өмірін сақтап қалуға шама-сының келуі, келмейтіндігіне дәрігердің өзі де күдіктене бастаған болатын. Оның үстіне ауру әйелдің ері —Иванның әлгі сөзі қосылды. Тап осы кезде Крелевцев өзін баяғы түндегі балалы әйелмен салыстырды. Ол әйел де ғылымға сенді ғой. Қалайда өз баласын өмірге қайта қайтарады деп келді ғой ол ауруханаға. Тіпті өлген балаға ешқандай амал істей алмайтындығын айтқанда да, ол сеніп пе еді? Ал, дәрігердің өзі де ғылымға күшіне сенбейтін бе еді. Шынында да қалың қайығыға батқан Иванның сөзі шындыққа айналғаны ма? Жә, ол мүмкін емес! Өмір үшін күрес тоқталмауға тиіс!

Осы ойға бекіген дәрігер қарсысында отырған Иванның қасына келіп, иығына қолын салды да сенімділікпен үн қатты.

—Иван, —деді ол, —сен менің тілімді ал. Марияны ешқайда апармайсың. Ол

Крелевцев совет дәрігерінің жақсы маманы болуымен бірге, жоғары мәдениетті, саяси білімді адам болуға тиіс екенін жақсы біледі.

Ең қымбатты нәрсе, — дейді ол жас дәрігерлерге, —адамның өмірі. Адам өмірін сақтау үшін барлық мүмкіншіліктерді жұмсау керек. Өмір үшін күресте аяғына дейін табанды болындар.

Сентябрь түндерінің бірі. Нәсер жауынның терезеге сатырлата ұрған дыбысы естіледі. Алдында ашық жатқан дәрігерінің соңғы бетін жазып болды да, Петр Митрофанович жарықты сөндіріп, тынығуға жатты. Бірақ, ол ұйықтап үлгермеген. Үйдің жанына келіп тоқтаған машинаның, көп кешікпей терезені әлде кімнің тықылдағаны естілді.

—Петр Митрофанович, —деген кезекші сестраның асығыс шыққан таныс дауысы естілгенде ол орынынан тұрып клиннің те үлгерген еді.

—Тезрек шытыңыз. Жағдайы өте нашар ауру әкелінді. Аурудың бас сүйегі сыныған.

Көп кешікпей хирург ауруханаға келіп те үлгерді. Ауруды қарап болғаннан кейін ол қысқа ғана бұйрық берді.

—Дереу операция бөлмесіне апарындар.

Петр Митрофанович таңды операция столының жанында атырды. Жаңа шыққан күн сәулесі бөлме ішіне өзінің нұрын төккен кезде операция аяқталған еді.

У. АЛПЫСБАЕВ.

Редакцияға хат

Пәтер үй қашан берер екен?

Мен Мамлют асыл тұқымды мал совхозында 1936 жылдан бері жұмыс істеймін. Өзім Ұлы Отан соғысының мүгедегімін. Менің быйылғы жылға дейін тұрып келген үйім бұдан көп жыл бұрын жарамсыз деп табылған еді. Алайда, совхоз басшылары оның орнына жаңа үй салуды қолдарына ала қоймады. Быйыл бұдан әрі бұл үйде тұруға мүмкіндік болмаған соң, мен совхоз директоры Дворецкий жолдасқа және жұмысшылар комитетіне бірнеше рет жаңа пәтер сұрап, өтініп бердім. Бірақ, оған қанағаттанарлық жауап ала алмадым.

Жақында болған қатты жауында әбден ескірген үй құлап қалды. Сонда ғана совхоз басшылары маған «пәтер» берді. Ал, бұл пәтердің жағдайының өзі өте нашар

болып шықты. Жалғыз бөлмелі, кішкене ғана, екі баласы бар жұмысшы Кузнецова тұрады. Оның үстіне төрт баламен, әйеліммен алты жан болып мен кірдім. Әрине, мұндай үйде барлығымыздың тұруымыз мүмкін емес еді. Оның үстіне совхоз дәрігері де бұл үйде тұруға рұқсат етпеді. Амалсыздан басқа үй іздеуге тура келді.

Кәзір мен өз семьясымда 8 адамы бар ағамның үйінде тұрып жатырмын. Осынаша көп адамға бұл үйде тұруға жағдай келмейді. Қыс болса жақындал қалды. Совхоз басшылары мені қашан пәтермен қамтамасыз етер екен?

Қ. АЯПБЕРГЕНОВ.

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының жұмысшысы.

ӘЛІ ЕСКЕРМЕЙ КЕЛЕДІ

Қаладағы № 5 орта мектеп жанындағы интернаттың жатақханасына су тарататын будадан су жіберетін труба өткен жылдың қысында жарылған болатын. Бірақ, ол кезде «кәзір жер қатты, жаз шыққан соң жөндерміз» деген сылтаумен, қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімі су трубасын жөндеуді жүргізбеді.


Алайда, жаз шыққаннан кейін де бұл жұмыс қолға алынбаған. Кәзір жатақханада 150-ге жуық тәрбиеленушілер тұрады. Олар керекті судың өзін көлік-

пен тасуға мәжбүр болған. Интернат дирекциясының бірнеше рет хабарлағанына қарамастан труба әлі күнге жөнделмей отыр. Қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімі, оның меңгерушісі Малышев жолдас бұл жұмысты дереу қолға алып, интернат жатақханасын сумен қамтамасыз етуге жағдай туғыза өкен.

С. САУЫТБАЕВ.

Интернат балалар советінің председатели,

БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСİNДЕ



СУРЕТТЕ: 1. Арзамас облысы, Починковский ауданы, «День урожая» колхозынан әкелінген, сынақта төртжарым жасарында 15453 килограмм жүк тартқан колхоздың ауыр жүк тартатын жылқысының «Сатир» айғыры. Кәзіргі уақытта «Сатир» 6 жаста. Оның тірдей салмағы — 950 килограмм, биіктігі — 159 сантиметр, денесінің ұзындығы — 173 сантиметр, төсінің жалпақтығы — 230 сантиметр, жілінің жұлған ұзындығы — 25,5 сантиметр. жылқышы А. А. Просвирин «Сатир» айғырын көрмеге екеп тұр. 2. «Караваева» совхозының сауыншысы, Социалистік Еңбек Ері Г. Д. Смирнованың жылына майылы-ғы орта есеппен 4 процент 15.187 килограмм сүт берген кестромас тұқымдас «Комса» сыйырды көрмеге әкеліп тұрған кезі. 3. РСФСР-дің еңбек сіңірген зоотехнигі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты, Брейтов мемлекеттік тұқымдық мал расаднигінің директоры В. М. Федоринов (оңжақта) және Ярослав облысы, «Луч коммунизма» колхозының таңдаулы шошқа өсірушісі комсомолка А. Круглякова Брейтовск тұқымдас 384 «Мечта» мезгілінің көр- (СОТА-ның фотохроникасы).

СОКП Орпалық Комитеті мен ССРО Министрлер Советіне 1954 жылғы 8 сентябрьде Софияда болған салтанатты мәжілісте қабылданған құттықтау

СОФИЯ, 9 сентябрь. (СОТА). Кеше Болгарияның азат етілуінің 10 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советіне мынадай құттықтау қабылданды:

Қымбатты жолдастар! Қалалық Халық советінің, Болгар Коммунистік партиясының қалалық комитеті мен Отан майданының қалалық комитетінің Софияның кәсіподақ, қоғам және Халық армиясы ұйымдарымен бірлескен, даңқты 9 сентябрь халық көтерілісінің және Болгарияның фашизм мен империалистік құлдықтан азат етілуінің оңжылдығына байланысты шақырылған салтанатты жыйналысы сіздерге жалынды жауынгерлік сәлем жолдайды.

Өзінің ұлы және жарқын ұлттық мейрамы күні ең алдымен өздерінің еркі мен мүдделеріне сай жаңа өмір құру үшін мүмкіншілік алған өздерінің қуанышы мен еркін бақыты үшін көп борышты болгар халқы ұлы совет халқына, оның даңқты армиясына, Совет Одағының даңқты коммунистік партиясына өзінің шексіз сүйіспеншілігі мен алғыс сезімін білдіреді.

1944 жылғы 9 сентябрь болгар халқының өміріндегі жаңа дәуірдің, социалистік өзгерістер дәуірінің басы болып табылады. 10 жыл бойы біздің халқымыз Коммунистік партияның даналық басшылығымен социализм жолымен сеніммен алға басып келеді және еліміздің қоғамдық-саяси, шаруашылық және мәдени салаларында өз тарихында бұрын болмаған табыстарға жетті. Өткен он жылдық біздің Отанымыздың бейнесін қайта өзгерткен еңбек дастаны болып табылады. Экономикалық жағынан артта қалған, тоналған және аштық басқан Болгария ұмыт болды. Бұл жылдар ішінде ол өзінің өңдіргіш күштерін дамытты және

индустриясы мен механикаландырылған ірі ауыл шаруашылығын үздіксіз дамытып отырған мықты, өмірге бейімді социалистік мемлекетке айналды.

Біз Совет Одағының баға жеткісіз туысқандық қалтқысыз көмегі мен қолдауынсыз, СОКП мен совет халықтарының таусылмас тәжірибесінің және халық демократиялық елдермен ынтымақсыз біздің халқымыздың қажырлы еңбегі социалистік құрылыста бұл сияқты жемістер бере алмайтындығын, біздің еліміз социалистік ел ретінде табысты түрде дамып алмайтындығын айқын сезінеміз.

Қымбатты жолдастар, Сіздерге және барлық совет халқына бұл туысқандық көмектеріңіз бен қолдауларыңыз үшін нын жүректен шексіз алғыс, зор сүйіспеншілік сезімдерімізді білдіреміз. Біздің өткен 10 жыл ішінде барлық дамуымыз Болгар-Совет достығы біздің ербір табысымыздың негізі, біздің ұлттық тәуелсіздігіміздің және біздің Отанымыздың социалистік дамуының күні мен ауасы болып табылатындығын айқын дәлелдеді.

Біздің Отанымыз ұлы Совет Одағымен шын жүректі және таза мәңгі достық байланыста өзінің еркін өмірінің екінші оңжылдығына зор мақтанш және құрметтеушілік сезіммен кірісті. Біз алға байыптылықпен және сеніммен қараймыз және өзіміздің барлық күшімізді дүние жүзі халықтары үшін ұлы және құрметті іс—бейбітшілікті қорғауға, біздің елімізде социализмнің жеңуіне жұмсауға деген ымығамас ерікке толымыз.

Дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мызғымас тірегі—Ұлы Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

Халықаралық жұмысшылар және коммунистік қозғалыстың алдыңғы отряды—Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

Болгар және совет халықтарының арасындағы достық гүлденіп, нығая берсін!

БАТЫСГЕРМАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫ РЕМИЛИТАРЛАНДЫРУҒА ҚАРСЫ

БЕРЛИН, 9 сентябрь. (СОТА). Батыс Германияның қаруландыруды ашық түрде талап етіп отырған Бонн милитаристері мен көкшілерінің белсенділігінің артуы батысгерман жұртшылығының кең топтарында хауіп және айыптаушылық туғырады.

«Біздер, немістер үшін, деп жазады «Вестдэйес тагесблатт» газеті, федералдық канцлердің неміс дивизияларын құру жолына түсіп кетіп, Германияны біріктіру жөніндегі мәселені мүлде ұмытып кеткені өте қайғылы. Оның саяси жоспарында бұл мәселе соңғы орынға сырылған. «Суверенитет» туралы айғайды үнемі қайталау болып табылатын, төрт жақты келіссөздерден оның үздік-кесілді бастартуын былай атамай қалай атауға болады. Нағыз суверенитетпен теккәна біртұтас Германия пайдалана алады. Оккупациялық праводармен шектелген суверенитет теккәна бір мақсатты—герман армиясын құру үшін формальді—правоны қамтамасыз ету мақсатын көздейді».

Күн асқан сайын батысгерман халықтарының кең топтары жаңа соғысты дайындау саясатына қарсы, герман мәселесін келіссөздер жолымен бейбітшілік түрде шешу үшін күреске белсене араласуда. Бұған әсерле соңғы кездегі батысгерман халықтарының арасында жүргізілген халық пікірін білу науқанының нәтижелері айқын мысал бола алады. Мәселен, «Говальдт-Верфт» Кил верфінің пікірлері сұралған 2132 жұмысшысының 1659-ы бейбітшілік договорын жасауды жақтап пікір айғты, теккәна 192 жұмысшы Батыс Германияны қаруландыру саясатын жақтады. Гамбургтың, Майеннің және Бад-Крейцнахтың пікірлері сұралған көптеген халықтары бейбітшілік договорын жасауды, оккупациялық әскерлерді шығаруды және соғыс блоктарын жасау саясатынан бас тартуды талап етті. «Диат» газетінің Лүйсбургте өткізген «баспасөз мейрамына» қатысқан 800 адам Германиямен бейбітшілік договорын жасау үшін, агрессиялық шарттар саясатына қарсы пікірлер айтқан. Герниң көптеген тұрғындары Бонн бунгестагінің председателі Элерке хат жолдап, онда Германияны біріктіру мәселесін талқылау мақсатымен 4 державаның кеңесін шақыру үшін бунгестагтің ГДР Халық палатасымен бірге жыйымы жасауын талап етеді.

Батыс Германия халқының Аденаурдің соғыс саясатына қарсы күресінің белсенділігінің арта түскендігінің бір белгісі Штутгартта «өзін өзі билеу және бейбітшілік комитетінің» құрылуы болып табылады. Бұл комитет өзінің алдына халық пікірін білу науқанын жүргізуді міндет етіп қойған.

«Нейес Дейчланд» газетінің атап көрсеткеніндей, Батыс Германияның социал-демократиялық партиясының жергілікті ұйымдарының арасында және қатардағы социал-демократтардың арасында Аденаур жүргізіп отырған ремитарландыру саясатына қарсы күрестің белсенділігі

Болгарияның азат етілуінің он жылдығы құрметіне Москвадағы салтанатты жыйналыс

Совет адамдары болгар халқының ұлттық мейрамын Болгарияның азат етілуінің он жылдығын кеңінен атап өтуде.

8 сентябрьде Одақтар Үйінің колонналы залында осы мерекелі күнге арналып салтанатты жыйналыс өткізілді.

Зал Болгар Халық Республикасы мен Совет Одағының Мемлекеттік жалауларымен безендірілді. Жыйналысқа қатысушылар—астана жұртшылығының өкілдері болгар Халық Республикасының ССРО-дағы елшісі К. Т. Лукановты, Москваға келген қонақтарды: Болгар—совет қоғамдары одағының председателі доктор Иван Пашовты, жазушы академик Людмила Стояновты, болгар—совет қоғамдары одағының, Болгарияның славяндық комитетінің және шетелдермен достықтың және мәдениет байланысының болгар ко-

митетінің біріккен делегациясының мүшелерін, сол сияқты, Болгарияның кәсіподақтары делегациясының мүшелерін жылы жүзбен құттықтады.

ССРО Ғылым академиясының славян елдерін зерттеу институтының директоры профессор П. Н. Третьяков «Болгар Халық Республикасы социалистік құрылыс жолында» деген баяндама жасады.

Жыйналыста Болгарияның елшісі К. Т. Луканов пен Болгарияның біріккен делегациясының басшысы, көрнекті қоғам қайраткері Никола Георгиев сөз сөйлеп, Совет Одағының халықтарына туысқандық сәлем жолдады.

Жыйналыстан кейін концерт болды. Оған болгар және совет искусство шеберлері қатысты.

(СОТА).

Біртоп шетел тілшілерінің Алматыда болуы жайында

ССРО Сыртқы істер министрлігінің баспасөз бөлімінің жанында ресми тіркелген біртоп шетел тілшілері 31 августан 7 сентябрьге дейін Алматыда қонақ болды.

Қонақтар Қазақстанның астанасында бірқатар мәдени-ағарту мекемелерімен, оқу орындарымен, қаланың тарихи орындарымен танысты. Олар № 12 қазақ орта мектебінде, қазақтың педагогикалық әйелдер институтында, мемлекеттік университетте, консерваторияда, көркемсуретті және хроникалы фильмдер студиясында, 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы мәдениет және демалыс паркінде, қала маңындағы «Дүң востока» колхозында, «Есік» жеміс-шарап совхозында биік таудағы Есік көлінде, «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясында болды.

Шетел тілшілері совет-румын достығына арналған салтанатты жыйналысқа, Қазақстан совет жазушыларының III съезінің ашылуына, қазақтың ұлы ағартушы ақыны Абай Құнанбаевқа ескерткішті салтанатпен орнатуға, Абай Құнанбаевтың қайтыс болуының 50 жылдығына арналған салтанатты жыйналысқа қатысты.

7 сентябрьде қонақтар советтік қырғызстанның астанасы Фрунзе қаласына жүріп кетті. Олар аттанар алдында мынадай хат қалдырды:

Күрметті редактор жолдас!

Біздер, халықтық демократия елдерінің және шетелдік коммунистік газеттердің біртоп тілшілері, Қазақстанның астанасы—Алматы қаласында және төңірегтегі аудандарда болғанда алған әсерлерімізді білдіргіміз келеді. Біздің мұнда көргендеріміз советтік Қазақстанның жан-жақты өсуінің орасан жолын бізге бұрынғыдан да айқын бейнелеп берді.

Бұрынғы кезде патшалық Россияның ең артта қалған шетел аймақтарының бірі болған Қазақстан көзгі уақытта гүлденген социалистік республикаға айнал-

ды миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлерді шеруде, жер суаратын каналдар қазып, жаңа ауылшаруашылық дақылдарын өсіруде, егіншілік аудандарының шекарасын құлазыған шөл далаға барған сайын жеткізуде.

Талантты қазақ халқының жоғары мәдениеті бізге зор әсер етті. Ұлы Октябрь революциясына дейін оның өз жазбасы болмаған еді. Тек советтік құрылыс жағдайында ғана қазақ халқы еңбекшілердің толық дерлік сауатсыздығын жойып, өзінің мәдениетін бүгінгі дәрежесіне жеткізе алды. Тек советтік құрылыс ғана қазақ халқының мыңдаған мектеп салып, институттар, университет ашуына, ғылым академиясын құруына, театрлар, консерватория және басқа көптеген мәдени, ғылыми мекемелер ұйымдастыруына мүмкіндік берді. Ол барлық жерде де ана тілімен пайдалануда.

Қазақстан жазушыларының III съезінде социалистік әдебиетті халықтық творчестволық еңбегіне бұрынғыдан да гөрі зор көмегін тигізу үшін оны бұдан былай да жан-жақты өркендету проблемасы қалай талқыланғанын біз өз көзімізбен көрдік.

Біз республикада болған уақытта бізді Қазақ ССР Жоғарғы Советі президиумының председателі Оңдасынов жолдас қабылдады. Ол біздің сұрақтарымыздың бәрін шын пейілімен жауап берді.

Бізге жан-жақты көмек көрсеткені үшін Қазақ ССР Сыртқы істер министрі Байғалиев жолдасқа және басқа жолдастарға алғыс айтамыз. Біз өз елдеріміздің еңбекшілерін советтік Қазақстанмен кеңінен таныстырамыз, өйткені, ол біздер үшін ұлы өнеге болып табылады.

Ли Нань-Синьхуа агенттігі (Қытай).
Б. Майтчан-Поляк баспасөз агенттігі.
А. Кымпану- (Скынтейя) (Румыния).
П. Прокоп. Чехословак телеграф агенттігі.
Б. Вапиарова- Шивачева. Болгар теле-

«ЖЕНЬМИНЬЖИБАО» ГАЗЕТІ КОРЕЯДАН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ ЕРІКТІЛЕРІНІҢ 7 ДИВИЗИЯСЫН ӘКЕТУ ТУРАЛЫ

ПЕКИН, 9 сентябрь. (СОТА). Қытай Халық еріктілері бөлімі командованьесі өкілінің Корейден үстіміздегі жылдың сентябрь, октябрь айлары ішінде Қытай Халық еріктілерінің 7 дивизиясын әкету жөніндегі мәлімдемесі туралы айта келіп, «Женьминьжибао» газеті өзінің басмақаласында былай деп жазады: Қытай Халық еріктілері Корей халық армиясымен бірлесіп отырып екі жыл 9 айға созылған өте ауыр күрестің нәтижесінде америка империалистерінің агрессиясын тоқтатты.

Қытай және корей халықтарының жеңісімен байланысты Корейда уақытша бітімге қол қойылуы, деп мәлімдейді газет, дүние жүзінің бейбітшілік сүйгіш барлық халықтарын агрессия мен соғысқа қарсы күреске жігерлендіріп ғана қойған жоқ, ол сонымен бірге халықаралық келіспеушілікті бейбітшілік жолмен шешудің үлгісі болып табылады, ал, бұл өте маңызды мәселе.

Қытай халық еріктілерінің 7 дивизиясының Корейден әкетілуі, делінген онан әрі мақалала, қытай халқының корей мәселесін бейбіт жолмен шешудің мүмкіншілігіне шын тілектестігінің және сенімділігінің ең жақсы айғағы болып табылады.

ДАМАСКАДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘРМӨНКЕДЕ СОВЕТ ПАВИЛЬОНЫНЫҢ ЗОР ТАБЫСЫ

ДАМАСК, 8 сентябрь. (СОТА). Дамаскіде халықаралық жәрмөнкенің ашылуынан бергі өткен 6 күн бойы совет павильонында 150 мыңнан аса адам болды. Павильон залдарының стөнд, экспонаттар мен көрсеткіш қалқандар маңынан топталған адамдар кетпейді. Мұнда ауылшаруашылық, жер қазатын және жол машиналары, типографиялық және тоқыма жабдықтары, автомобильдер ерекше назар аударалды.

Сирия мен Ливан баспасөз орындары бірауыздан барлық павильондар ішінде совет павильоны ерекше әсер қалдырады. Оның экспонаттағы бұйымдар ассортименті ең бір кең көлемді және әр жақты деп атап өтуде. Сирия газеті «Аниша» былай деп жазады: «бүкіл жәрмөнкеде совет павильонының ең сәулетті және ең үлкен екеніне күмән жоқ. Онда қойылған экспонаттар орыс өнеркәсібінің зор табыстары жөнінде баяндайды...»

«Ал-Наср» газеті былай деп жазады: совет павильоны «жарқыраған сарайға ұқсайды». Павильонның төбесінде ұшына қызыл жұлдыз қондырылған сүйір тікбұрышты мұнара бар. Совет павильоны өзінің архитектурасымен онда қойылған бұйымдардың әртүрлілігі жағынан өте сәулетті».

«Ал-Шааб» газеті «Совет павильонына келушілер қатты сүйсінуде» деп атап өткен.

ЗЕНАДА МЕКТЕПТЕРДІҢ КҮЙЗЕЛУШІЛІК

Болгарияның азат етілуінің он жылдығын мейрамдау

1954 жылы 8 сентябрьде Софияда болған салтанатты мәжіліс

СОФИЯ, 8 сентябрь. (СОТА). Бүгін халық театрында Болгарияның азат етілуінің он жылдығына арналған салтанатты мәжіліс болды.

Министрлер Советінің председатели В. Червенков, Халық жыйналысы президиумының председатели Г. Дамянов, Министрлер Советі председателинің орынбасарлары А. Югов, Г. Трайков, Г. Чанков, И. Михайлов, Р. Дамянов, Болгария коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Т. Живков, БКП Орталық Комитетінің саяси бюросының мүшелері Г. Чанков, Е. Стайков президиумға желгенде жыйналған жұрт оларды ду қол шалалақтап қарсы алды.

Советтік үкімет делегациясының мүшелерін — СОВИ Орталық Комитеті президиумының мүшесі, ССРО Министрлер Советі председателинің орынбасары М. З. Сабуровты, РСФСР Министрлер Советі Председателинің орынбасары Н. Н. Беспаловты, Украин ССР Министрлер Советі Председателинің бірінші орынбасары И. С. Сенинді, армия генералы С. С. Бирюзовты, сол сияқты, Қытай Халық Республикасының және халықтық демократия елдерінің үкімет делегацияларын жыйналған жұрт қызу құттықтады.

Салтанатты мәжілісте ССРО-ның Болгариядағы елшісі Ю. К. Приходов және дипломатиялық корпустың басқа да мүшелері болды.

Болгария Министрлер Советінің Председатели В. Червенков болгар халқының 1944 жылғы 9 сентябрьдегі көтерілісінің он жылдығына арналған баяндама жаса-

Болгарияның ұлттық мейрамы

СОФИЯ, 9 сентябрь. (СОТА). Бүгін Болгар халқы өз Отанының фашистік құлдықтан және шетелдік оккупациядан азат етілгендігінің 10 жылдығын мерекеледі. Елдің барлық қалаларында еңбекшілердің көп адам қатысқан демонстрациясы болды.

Болгарияның астанасы — Софияда әскери парад және демонстрация болды. Таңертеңгі сағат 8-де «9 сентябрь» алаңындағы Георгий Димитров Мавзолейінің трибунасына жыйналғандар жылы жүзбен қарсы алған Болгар Коммунистік партиясы мен үкіметінің басшылары: Министрлер Советінің Председатели В. Червенков, Халық Жыйналысы Президиумының Председатели Г. Дамянов, Министрлер Советі Председателинің Орынбасарлары А. Югов, Г. Трайков, Г. Чанков, И. Михайлов, Р. Дамянов, Болгар Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бірінші Секретары Тодор Живков, БКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшелері Г. Чанков пен Е. Стайков, М. З. Сабуров бастаған Совет Үкімет делегациясының мүшелері, Қытай үкімет делегациясының басшысы — Мемлекеттік әкім-

шілік советі премьерінің орынбасары Дун Би-у, халық демократиялық елдері үкімет делегацияларының басшылары, ССРО-ның Болгариядағы Елшісі Ю. К. Приходов көтерілді.

София гарнизоны бөлімдерінің әскери парадын Халық қорғаныс министрі генерал-полковник Петр Панчевский қабылдады. Ол Болгар Коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен үкіметінің тапсыруы бойынша Болгария еңбекшілерін, әскерін және шетелдік қонақтарды 9 сентябрь мейрамымен құттықтап, жылы жүзді сәлем жолдады.

Сағат 9-да еңбекшілер демонстрациясы басталды. Оған Софияның 300 мыңға жуық еңбекшілері қатысты. Олар Болгар халқының азатшысы ұлы Совет Одағына деген өздерінің сүйіспеншіліктері мен алғыстарын, өздерінің болгар-совет достығын нығайта беруге ұмтылушылығын, социализм құрылысында жаңа табыстарға жете беру үшін, өз елінің экономикасы мен мәдениетін жаңа сатыға көтеру үшін, бейбітшілік және халықаралық ынәеленісті бәсеңдету үшін күресе беретіндігін білдірді.

Мәжіліске қатынасшылар М. З. Сабуровтың соңғы сөздерін ұзақ ду қолшалақтап қарсы алды. Совет Одағының құрметіне овация жасалды.

Совет Одағы Коммунистік партиясының орталық комитеті мен ССРО Министрлер Советіне зор ынға-жігермен құттықтау қабылданды.

Төрт держава арасында жаңа келіссөздерді жүргізу туралы таластан Батыс Германияның көрнекті қоғам қайраткерлерінің, сол сияқты, баспасөздер тарапынан барған сайын жиі және табанды түрде естілуде.

БЕЛГИЯНЫҢ ЭЛЕКТРОТЕХНИКАЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

БРИССЕЛЬ, 9 сентябрь. (СОТА). Шарлеруа қаласындағы АСЕС бірлестігінің электротехникалық заводтарында жұмысшылардың 19 августа басталған ереуілі үш жұмадан бері болып жатыр. Баспасөздердің хабарына қарағанда, ереуілге Бельгиядағы ең ірі электротехникалық кәсіпорындардың 6 мыңнан астам металшылары мен электрліктері қатысуда. Ереуілшілер жалақыны арттыруды және демалыс жөніндегі шарттың орындалуын талап етуде.

Бельгия еңбекшілері жалпы федерациясының оңшыл социалистік басшылары (ФЖТБ) жұмысшылардың талабын қанағаттандырығысы келмейтін кәсіпорны иелеріне жағынып, ереуілді бөлдірмауға тырысуда.

6 сентябрьде ФЖТБ басшылары жұмысшылардың жалпы жыйналысын шақырып, онда ереуілді тоқтатуды талап еткен. Жасырын дауыс беру өткізіліп, оның нәтижесінде жұмысшылардың үштен екісі өздерінің талаптары толық қанағаттандырылғанша ереуілді онан әрі жүргізе беруді жақтаған. Бұған қарамастан 8 сентябрьде ФЖТБ-нің басшылары ереуілді тоқтату туралы жұмысшыларға бұйрық берген. Бірақ, «Сигте» газетінің хабарына қарағанда, бұл бұйрыққа мыңдаған ереуілшілердің ішінде 200 дейі тана бағынған.

АЛЖИРДЕГІ ЖЕР СІЛКІНУ

ПАРИЖ, 9 сентябрь. (СОТА). 9 сентябрьде қараған түні Алжирде күшті жер сілкіну болды, жер сілкінудің орталығы Орлеансвил қаласының аудандарында. Жер сілкінудің салдарынан көптеген құрбандықтар болған және материалдық шығындар да зор. Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, толық емес мәлімет бойынша Орлеансвилде және оның маңында 800-ге жуық алаң өлген. 1000-нан астам адам жараланған. Қалада көптеген үйлер, оның ішінде вокзал, почта, аурухана және тұрғын үйлер қыйраған. Қаламен телеграф және телефон байланысы үзілген. Орлеансвилдің маңындағы ондаған деревнялар мүлде қыйраған немесе күшті зияндалған. Көптеген тұрғындар баспанасыз қалған.

Франс Пресс агенттігінің атап көрсеткеніндей, бұл жер сілкіну Солтүстік Африкада соңғы 40 жылдардың ішіндегі ең күшті жер сілкіну болған.

ДАЛЛЕСТІҢ ТАЙВАНҒА БАРУЫ

НЬЮ-ЙОРК, 9 сентябрь. (СОТА). Ассошиэтед Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, АҚШ-тың мемлекеттік секретары Даллес Чан Кай шимен кеңесу үшін Манильден Тайбэйге (Тайвань аралы) келген.

Қазақ халқының қаһармандық еңбегі бізді сүйсіндірді, ол Совет Одағының барлық халықтарының көмегімен, еңалдымен ұлы орыс халқының көмегімен өнеркәсіп құрылысын қаулата өрістетуге.

граф агенттігі.
Д. Боффа — «Унига» (Италия).
Р. Бувьё — «Юманите» (Франция).
К. Стафф — «Ню даг» (Швеция).
Алматы қаласы, 7 сентябрь 1954 жыл.

Бір топ шетел журналистерінің Алматыда болуы жайында

Алматыда қонақ болып жүрген халықтық демократия елдері мен шетелдік коммунистік газеттердің бір топ тілшілері 6 сентябрьде «Есік» жеміс-шарап совхозында болды. Совхоздың директоры А. Д. Рязанов қонақтарға шаруашылықтың экономикасы мен оның өркендеу перспективалары туралы айтты. Тілшілер жеміс бауы мен жүзімдіктерді көрді, жұмысшылармен, мамандармен әңгімелесті.

Сол күні тілшілер Қазақстандағы биік таудағы ең әлем көлдердің бірі — Есік көлінде болды.

Кешке тілшілерді Қазақ ССР Сыртқы істер министрі Х. Б. Байғалиев қабылдады.

7 сентябрьде қонақтар Қырғызстанның астанасы — Фрунзе қаласына жүріп кетті.

ЛАОСТАҒЫ АРАЛАС КОМИССИЯНЫҢ ЖҰМЫСЫ

ШАНХАЙ, 9 сентябрь. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігі былай деп хабарлайды: өзара түсінушілік жағдайында өткен 24-ші жұмыс күні, 29 және 30 августа Патет-Лао Халық-азаттық армиясы командованиясы мен Лаостағы Вьетнам халық еріктілері командованиясының өкілдері француз Одағының Лаостағы қарулы күштері командованиясы өкілдерімен бірлесіп, төмендегі бес документті жасады: Лаостағы аралас комиссияның ұйымдастыру жұмыстары, міндеттері, өкілдіктері және жұмыс әдістері туралы келісім; аралас комиссияның топтары мен көмекші комиссияның ұйымдастыру жұмыстары мен әдістері жөнінде қарар; Лаостағы екі жақтың қарулы күштерін қайта топтастыру жөніндегі қарар; демаркациялық линияны жасау жөніндегі, әскерлердің уақытша тұратын жерлері мен зоналары жөніндегі, әскерлерді әкетудің жолдары мен мерзімдері жөніндегі келісімдер; миналандырылған жерлерді тазалау жөніндегі келісім.

Кәзіргі уақытта Лаостағы аралас комиссия әскери тұтқындар мен қолда ұсталынып отырған азаматтарды ауыстыру жөніндегі және басқа да маңызды мәселелер жөніндегі келісімге жету үшін өзінің жұмысын онан әрі жүргізуде.

Албан шаруаларына мемлекеттік көмек

ТИРАНА, 9 сентябрь. (СОТА). Мемлекет ауылшаруашылық кредиттерін беру жолымен Албания шаруаларына көмек көрсетуде. Быйылғы жылы жекеменшік шаруаларға 95.600 лек мөлшерінде қарыз беріледі, оның үштен екісі ұзақ мерзімді қарыздар. 1954 жылы ауылшаруашылық

кредиті бойынша берілген қарыздар 1948 жылғымен салыстырғанда 7 есе артық. Шаруаларға берілген кредиттің көп бөлегі жұмыс және өнім беретін малдар, құрал-саймандар сатып алуға және трактор жұмыстарының ақысын төлеуге жұмсалуда.

ФРАНЦИЯНЫҢ СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯСЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

ПАРИЖ, 9 сентябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, Сена департаменті социалистік партиясы федерациясының атқару комиссиясы басым көпшілік дауыспен басқару комитетінің Даниэль Мейерді, Жюль Мокті және Макс Лезенді. «Европалық армияға» қарсы шыққандығы үшін партиядан шығару туралы қаулысын айыптаған қарар қабылдаған. Атқару комиссиясы социалистік партияның Уставын бұзып қабылданған бұл қарардың ешқандай дәлелмен ақталмайтындығын атап көрсетеді және Сенат департаменті федерациясының мүшесі Даниэль Мейерді өздерінің қолдауындығымен сендіреді.

ру туралы қаулысын айыптаған қарар қабылдаған. Атқару комиссиясы социалистік партияның Уставын бұзып қабылданған бұл қарардың ешқандай дәлелмен ақталмайтындығын атап көрсетеді және Сенат департаменті федерациясының мүшесі Даниэль Мейерді өздерінің қолдауындығымен сендіреді.

ГОМИНДАН САМОЛЕТТЕРІНІҢ ҚЫТАЙ ПЕКИН, 9 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің хабарына қарағанда, чанкайшылдық авиацияның Амой қаласына және Фудзянь провинциясының басқа да пункттеріне орындатушылық шабуылдары онан әрі жүргізілуде. 8 сен-

ТЕРРИТОРИЯСЫНА ШАБУҢ ЖАСАУЫ
тябрьде Қытай Халық армиясының зенит бөлімдері Амой қаласы мен оның төңірегінде шабуыл жасауға қатысқан гоминдактықтардың 6 самолетін атып түсірді және қатардан шығарды.

АҚШ КОМПАРТИЯСЫНА ТЫЙЫМ САЛУҒА ҚАРСЫ

ЛОНДОН, 9 сентябрь. (СОТА). Газеттердің хабарларына қарағанда, кеше Хиллингтоңдағы (Глазго ауданы) «Роллс-Ройс лимитед» бірлестігінің авиамотор-заводының жұмысшылары АҚШ Коммунистік партиясына тыйым салуға қарсы

наразылық білдіру демонстрациясын ұйымдастырған. Демонстранттар «Америка Гитлердің жолымен жүріп келеді», «Американдық жолдастарымызбен үндестігімізді білдіреміз» деген жазу жазылған плакаттар алып жүрген.

ВЕНА, 9 сентябрь. (СОТА). Жуырда Австрия астанасының мектептерінде сабақ басталды. Сабақтың басталуы Австрия өкмет орындарының мектептерді жаңа оқу жылына дайындау үшін ешнәрсе істемегендігін тағы да бір айқын көрсетті. Венаның көптеген аудандарында, мәселен, Фаворитен ауданында орта мектеп мүлдем жоқ. Бұл ауданның оқушылары осыз да оқушыларға лық тодған, басқа аудандардың мектебіне барып оқуға мәжбүр болып отыр. Бұл сияқты жағдай Венаның Флоридорт, Деблинг және басқа аудандарында да бар.

Вена мектептерінде орын алып отырған бұл күйзелушілік жағдайлы мектеп үйлерін салу құрылысының мүлдем тоқтатылғандығымен түсіндіруге болады. Бұған соңғы 10 жылдардың ішінде Венада бірде-бір мектеп үйінің салынбағандығын айтудың өзі жеткілікті.

Мектеп үйлерінің жетіспеуі салдарынан көптеген балалар мен жас еспірмдер мектептен тыс қалып отыр. Мәселен, үстіміздегі жылы қолөнер және сауда мектептеріне түсемін деп арыз бергендердің 25 проценті ғана қабылданған.

Редактордың орынбасары
Г. НУРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» киностеатрында

«АЛДАНҒАН ҮМІТТЕР»

Сеанстар 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» киностеатрында

«ТРАКТОРШЫЛАР»

Сеанстар 4-30, 6-30-да басталады.

Петропавл қаласында, 1954 жылдың 12 сентябрь күні таңертеңгі сағат 9-дан, кешкі 16-ға дейін колхоз базарында, кітап базары өткізіледі.

Мұнда көптеген саяси, ауылшаруашылық және көркем әдебиет кітаптары, журнал және газеттер сатылады.

Азаматтар! Кітап базарынан кітап, журналдарды сатып алыңыздар!

ОБЛСОЮЗПЕЧАТЬ.

Шағын двигательдер заводына күштілікті жұмысқа — жүк тиешілер, үлгі құюшылар қосымша жұмысшылар, қоймашы, шоферлар КЕРЕК.

Жұмысқа қабылдау тәртібін кадр бөліміне келіп білуге болады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.